

КАСПИЙ ҚОҒАМДЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

Жеке-құқықтық пәндер кафедрасы



Мирзалиева А.Ә.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Дәрістер курсы

Алматы 2010

Жеке-құқықтық пәндер кафедрасының отырысында талқыланған

КҚУ оқу-әдістемелік кеңесінде бекітілді

Мирзалиева А.Ә. Халықаралық жеке құқықтың өзекті мәселелері: Дәрістер курсы. – Алматы: КҚУ ҒБО, 2010. – 72 б.

© Мирзалиева А.Ә.

© Каспий қоғамдық
университеті, 2010

© Рәсімдеу КҚУ ҒБО

МАЗМУНЫ

бет

Дәріс №1.....	4
Дәріс №2.....	6
Дәріс №3.....	9
Дәріс №4.....	11
Дәріс №5.....	13
Дәріс №6.....	18
Дәріс №7.....	21
Дәріс №8.....	25
Дәріс №9.....	30
Дәріс №10.....	34
Дәріс №11.....	37
Дәріс №12.....	42
Дәріс №13.....	46
Дәріс №14.....	56
Дәріс №15.....	66
Глоссарий.....	69

1 дәріс. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚ ПӘНІ

Алғашқы рет Қазақстанда халықаралық жеке құқық курсы ХХ ғасырдың 40-жылдарынан бастап оқытыла бастады. Бірақ құқық саласының ішінде өз орнын таппаған соң, пән ретінде алынып тасталды. Бұл курс кейіннен 90-жылдардан бастап жеке пән ретінде қайта оқытыла бастады.

Халықаралық жеке құқықтың пәні дегеніміз деген сұраққа жауап беретін болсақ, халықаралық жеке құқық – бұл жеке және заңды тұлғаның жеке-құқықтық қатынастарын реттейтін құқық жүйесі.

Халықаралық жеке құқық пәні деп аталуы себебі, ол шетел элементі бар азаматтық-құқықтық, еңбек, қаржылық-құқықтық қатынастарды реттеуінде.

Халықаралық жеке құқық пәні үш бөлімнен тұрады:

1. жалпы бөлімінде жалпы теориялық мәселелер зерттеледі;
2. ерекше бөлімде халықаралық жеке құқықтың арнайы мәселелері зерттеледі;
3. үшінші бөлігі халықаралық азаматтық іс жүргізу мәселелері зерттеледі.

Халықаралық жеке құқық келесі нормалардан тұрады:

- а) коллизиялық;
- ә) унификациялық материалдық нормалардан;
- б) тікелей қолданыстағы нормалардан.

Халықаралық жеке құқықтың халықаралық жария құқықтан айырмашылығы? Әлемдік заңи ғылымда халықаралық жеке және халықаралық жария құқықтың арақатынасы туралы әртүрлі көзқарас бар. Бірінші көзқарас бойынша халықаралық жеке құқық халықаралық жария құқықтың құрамдас бөлігі болып табылады. Екінші көзқарас бойынша жария және жеке құқық ұқсас болып келеді. Ғалымдардың үшінші тобы халықаралық жеке құқықты әрбір елдің азаматтық құқықтың ерекше саласы деп біледі.

Қорыта айта кететін болсақ, халықаралық жеке құқық халықаралық жария құқыққа, азаматтық процеске, төрелік сотқа қатысы бар. Сонымен қатар, халықаралық жеке құқық ішкі құқық саласының немесе белгілі бір жүйенің бір бөлігі болып

табылмайды, бұл курс оқшауланған, дербес құқық жүйесі және жеке ғылыми пән болып табылады.

Халықаралық жеке құқық шетел элементі бар қатынастарды реттейді. Шетел элементінің үш түрі бар. Біріншісі: құқықтық қатынас ретінде шетел азаматы немесе шетел заңды тұлға қатысады. Екіншісі: қатынас объектісі (мұра мүлкі) шетелде орналасқан. Үшінші түрі: құқықтық қатынас негізінде жатқан заңды факт шетелде орын алған (мысалы, мәмілені шетелде жасасу, шетелде тұлғаның қайтыс болуы).

Жоғарыда айтылғандарды қорыта айтатын болсақ, **халықаралық жеке құқық – бұл халықаралық шарттардың негізінде коллизиялық, унификациялық нормалардан, сонымен қатар шетел жеке және заңды тұлғалардың құқыққабілеттілігі туралы нормалардан тұратын, шетел элементі бар азаматтық-құқықтық, отбасылық, еңбек қатынастарын реттейтін құқық саласы.**

2 дәріс. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ

Халықаралық жеке құқықта негізгі төрт қайнар көз орын алады: 1) халықаралық шарттар; 2) ішкі заңнама; 3) сот және арбитраждық практика; 4) әдет-ғұрып.

Халықаралық шарттар. Қазақстан егемендігін алған соң, республиканың халықаралық белсенділігі өсе бастады. Көптеген елдермен халықаралық шарттар жасалды. Мәселен, азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы екі жақты шарттарды атап өтуге болады. Соның ішінде Қазақстан Литва Республикасымен (9.08.1994), Қытай Халық Республикасымен, (14.01.1993), Монғолиямен (22.10.1993) және басқа елдермен құқықтық көмек туралы шарттар жасасты.

Шарттардың барлығы әрбір елдің егемендігін құрметтеу және теңдік қағидасы негізінде жасалады. Бұл шарттарда әділет органдары арасындағы ынтымақтастық мәселелері бойынша қатынастар, құқықтық қорғау, соттардың құзыретін анықтау және ажырата білу, құқықты қолдану, шетелдіктердің процессуалдық құқықтары, құқықтық көмек туралы тапсырманы орындау және азаматтық, отбасылық істер бойынша шешімдерді тану және орындау, құжаттарды тану және шетелге жіберу, қылмыскерлерді ұстап беру және басқа да қылмыстық істер бойынша көмек көрсету жөнінде қатынастарды реттейді.

Халықаралық жеке құқықтың маңызды қайнар көздерінің бірі бұл сауда шарттары. Қазақстан мына мемлекеттермен сауда шартын жасасты: Австрия Республикасымен (26.04.1993), Польша Республикасымен (14.10.1992), Финляндия Республикасымен (29.09.1992), Швеция Королдығымен (23.03.1994), Канадамен (29.03.1995), Корея Республикасымен (03.07.1992), Мысыр Араб Республикасымен (14.02.1993) және т.б.

Ішкі заңнама. Қазақстанның ішкі заңдары халықаралық жеке құқықтың ерекше орын алатын қайнар көзі болып табылады. Сол қайнар көздерінің бірі ретінде 1995 жылы қабылданған Конституцияны атап өтуге болады. Конституцияның 8-бабында былай делінген: Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың нормалары мен қағидаларын құрметтейді, мемлекеттер арасында ынтымақтастықты, олардың теңдігін, бір-бірінің ішкі істеріне

араласпаушылықты, халықаралық дауларды әділ жолмен шешу, бірінші қару күшін қолданбау саясатын жүргізеді.

12 бапта Қазақстан Республикасында адамдардың құқықтары мен бостандықтары Конституцияға сәйкес танылады және кепілдік беріледі. Шетел азаматтары мен азаматтығы тұлғалар Қазақстан Республикасында, егер Конституциямен, заңдармен және халықаралық шарттармен өзгеше көзделмесе, азаматтар үшін көзделген құқықтар мен бостандықтарға ие болады және тиісті міндет жүктеледі. Республикадағы шетелдіктердің құқықтық мәртебесі дәлірек «Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы» 19.06.1995 жылғы ҚР Президентінің заң күші бар Жарлығында көрініс табады.

Сондай-ақ ҚР Азаматтық кодексінің де халықаралық жеке құқық үшін маңызы бар. Азаматтық құқықтың 3-бабының 7 тармағында шетел азаматтары мен заңды тұлғалар, сонымен қатар азаматтығы жоқ тұлғалар, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғалары үшін азаматтың заңнамаларда көзделген құқықтарды иеленуге құқылы және міндеттерді атқаруға міндетті делінген.

Сот және арбитраждық практика. Кейбір жекелеген батыс елдері үшін халықаралық жеке құқықтың қайнар көзі ретінде сот және арбитраждық практика қолданылады (Ұлыбритания және ішінара АҚШ).

Ағылшын құқығының ерекшелігі прецеденттік құқықтың екіге бөлінуінде: жалпы құқық (common law) және әділдік құқығы (law of equity). Жалпы құқық XI ғасырдан бастап әрекет еткен әдет-ғұрып негізінде соттармен өңдеп шығарылған ағылшын құқығының негізі болып табылады. Әділдік құқығы канцлерлердің шешімінде қолданыла бастады. Әділдік құқығының қолданылу себебі жалпы құқықтың жеткілікті дәрежеде заман талабына сай келмейтіндігімен орын алды.

Ұлыбритания мен АҚШ-қа қарағанда Қазақстан мұндай практиканы қайнар көз ретінде мүлдем қарастырмайды.

Ал енді арбитраждың не екендігіне назар аударатын болсақ, екі мән-жайға көңіл бөлген жөн:

- 1) арбитраж (төрелік сот) – бұл бүкіл әлемде аралық сот болып табылады, яғни тараптардың арасындағы дауды шешу үшін олардың өздерімен таңдап алынатын сот;

- 2) егер арбитраждық талқылау шет елде жүзеге асырылатын болса, онда халықаралық нормативтік актілер кеңінен қолданылады.

Әдет-ғұрып. Халықаралық әдет-ғұрып халықаралық құқықтың қайнар көзі болып табылады, сонымен қатар қатынастар халықаралық шартпен реттелмеген жағдайда халықаралық жеке құқықтың да қайнар көзі болып табылады.

Халықаралық әдет-ғұрып дегеніміз – ұзақ уақыт бойы барлық немесе кейбір мемлекеттер арасындағы қатынастарында орын алған ереже.

Әдет-ғұрып нормаларын халықаралық сату-сатып алу шарттарында құқықтық реттеу қайнар көзі ретінде қолдану Вена конвенциясында тікелей көзделген.

ҚР азаматтық көдексінің 3 бабының 4-тармағында азаматтық қатынастар, егер Қазақстан Респубилкасының аумағында әрекет етуші азаматтық заңдарға қайшы келмесе, әдет-ғұрыппен, әдеттегі іскерлік айналыммен реттеледі делінген.

3 дәріс. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТАҒЫ КОЛЛИЗИЯЛЫҚ НОРМАЛАР

«Коллизия» латын тілінен аударғанда «соқтығыс, қақтығыс» деген мағынаны білдіреді. Коллизиялық нормалар халықаралық жеке құқықта кеңінен қолданылады. Бұл нормалардың қолданылу себебі мынада: барлық елде әртүрлі заңдар қабылданады, ал әр елде заң олардың салт-дәстүріне, ішкі ережелеріне байланысты сан алуан болып келеді. Сондықтан шетел элементі бар тұлғалардың арасында белгілі бір мәселені шешу үшін қай елдің заңнамасын қолдану керек деген сұрақ туындайды.

Коллизиялық нормалар мазмұны бойынша дәстүрлі азаматтық-құқықтық нормаға ұқсамайды. Егер азаматтық-құқықтық норманың құрылымы үш элементтен тұратын болса: гипотеза, диспозиция және санкциядан, коллизиялық норма екі элементтен тұрады: көлімінен (осы норма таралатын қатынастарды көрсетеді) және байлаудан (привязка) тұрады. Байлау шетел элементі бар құқықтық қатынасқа қай мемлекеттің заңын қолдану керек екендігін көрсетеді.

Коллизиялық нормаларды қолдану тәртібі ішкі мемлекеттік құқық нормаларын қолданудан ерекшеленеді. Ең алдымен нақты жағдайда коллизиялық норманың қолданылатындығы анықталады, егер ол қолданылатын болса, онда қай елдің құқығына сілтеме жасайтындығы анықталады. Екінші сатыда осы коллизиялық норма сілтеме жасаған елдің заңнамасы қолданылады.

Яғни коллизиялық нормалар шетел элементі бар қатынастарды шешу үшін барлық жағдайда қолданыла бермейді.

Жоғарыдағы құқық қолдану процедурасының екі сатысы халықаралық жеке құқық шеңберінде орын алады.

Коллизиялық нормаларды қолдану барысында шетел азаматы өз еліндегі азаматтан көбірек құқыққа ие бола алмайтындығын ескеру қажет.

Халықаралық жеке құқықтың белгілі бір аспектілерін реттейтін халықаралық шарттар бірыңғай болып келмейді: бір шарттар өзара қағидасын қолданады, басқа шарттар мұндай қағиданы ескермейді.

Басқа елдің аумағында шетелдің заңы қолданылған жағдайда оған коллизиялық нормалармен сілтеме жасалған жағдайда өзара туралы сұрақ туындайды.

Дегенмен шетел заңдары кез келген мемлекеттің аумағында қолданыла бермейді, себебі «жария тәртіп» деген ұғым бар. Мәселен, Францияның азаматтық заңнамаларында жария тәртіпті қолдану қажеттілігі жеке келісімдердің қоғамдық тәртіпке қайшы келмеуі тиіс екендігімен ұштасады. Яғни шетелдің заңнамаларын қолдану ішкі заңға қайшы келмеуі тиіс екендігін көрсетеді.

Германияның халықаралық жеке құқық туралы Заңының 6-бабының мазмұнына мән берген жөн: «Шет мемлекеттің құқық нормалары қолданылмайды, егер оның қолданылуы герман құқығының негізгі қағидаларына сәйкес келмейтін болса», делінген.

АҚШ-та, Францияда, Англияда қолданылуға жататын шетел заңын дауды шешу үшін елеулі маңызы бар фактілік мән-жай ретінде қарастырады. Басқа мемлекеттерге қарағанда англо-американдық құқық елдері өздерінің дәлелдемелік құқықтарын қолданады.

Жалпы ереже бойынша, сот өзінің, ұлттық заңын қолданады. Қазақстандық сот шетелдік заңды қаралып жатқан істің мазмұнынан туындаған жағдайда ғана қолданады. Шетел заңын қолдану барысында, Қазақстан соттары жан-жақты талықлап, дұрыс қолдануы қажет.

4 дәріс. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТАҒЫ УНИФИКАЦИЯ

Унификация – бұл унификациялық нормаларды мойындайтын барлық субъектілер үшін қолданылуы міндетті болып табылатын бірыңғай құқық нормаларын жасау процесі.

Халықаралық жеке құқықта унификация екі нысанда көрініс табады: 1) коллизиялық азаматтық құқық унификациясы; 2) материалдық азаматтық құқық унификациясы.

Ең алғаш рет коллизиялық нормалардың унификациясы пайда болды. Ол мемлекеттердің халықаралық шарттарды жасасу жолымен қол жеткізіледі. Жекелеген мемлекеттердің коллизиялық нормалары ұлттық заңнаманың бір бөлігі бола отырып, шетел элементі бар азаматтық қатынастарды өз бетінше дербес реттей алмайды. Бұл нақты бір мән-жайда қай елдің коллизиялық құқығын қолданған жөн, деген сұрақпен байланысты. Заңи әдебиеттерде коллизиялық құқықты таңдап алу проблемасы «коллизиялардың коллизиясы» деп аталады. Бұл проблеманы коллизиялық нормалардың унификациясы шешеді. Мысалы, жылжымайтын мүліктің құқықтық мәртебесі оның орналасқан жерінің заңы бойынша реттеледі.

Халықаралық жеке құқықтың коллизиялық нормалары Қазақстан Республикасының бірқатар нормативтік актілерінде көрініс табады: Азаматтық кодексте, неке және отбасы туралы заңда және т.б.

Коллизиялық нормалардың унификациясы коллизияларды жоймайды. Коллизиялық нормалардың унификациясы шетел элементі бар азаматтық-құқықтық қатынас қатысушыларына осы қатынастарды реттеу үшін қай елдің заңнамасын қолдануға болатындығына мүмкіндік бере отырып, ұлттық құқықтық жүйелер арасында қайшылықтарды шешу үшін қолайлы алғышарттарды туғызады.

Коллизиялық нормалардың унификациясының тиімділігін көрсете отырып, оның кемшіліктерін де атап өткен жөн. Біріншіден, коллизиялық нормалардың унификациясы коллизияның өзін жоймайды. Екіншіден, кейбір жағдайда екі мемлекеттің коллизиялық құқығы белгілі бір қатынасты реттеу үшін бір-біріне сілтеме жасайды. Мәселен, шетел элементі бар

мұрагерлік қатынастарды реттеу үшін бір мемлекет мұра қалдырушының тұрғылықты жері бойынша сілтеме жасайтын болса, ал екінші мемлекет сол тұлғаның азаматтығы бойынша бұл мәселені реттейді. Яғни, Асанов Қазақстан Республикасының азаматы, бірақ тұрақты тұрғылықты жері Италия мемлекеті. Сонда Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша оның мұрагерлік қатынастары тұрақты тұрғылықты жері бойынша реттеледі деп Италия мемлекетіне сілтеме жасаса, Италия мемлекеті бұл қатынастарды Асановтың азаматтығы бойынша реттеледі деп кері сілтейді. Үшіншіден, қандай да бір фактілер немесе актілер заңи тұрғыдан бір мемлекетте заңды (жарамды) деп танылса, екінші бір елде жарамсыз болуы мүмкін.

Жоғарыда аталған кемшіліктерді болдырмау үшін, бірқатар мемлекеттер ортақ Конвенцияларды қабылдайды.

Халықаралық жеке құқықтағы унификацияның тағы бір түрі – унификациялық азаматтық материалдық құқық нормаларын құру. Бұл нормалардың ерекшелігі – қоғамдық қатынастарды тікелей реттеуінде. Дегенмен, материалдық құқықтық унификация халықаралық шарттарды жасасу жолымен жүзеге асырылады.

5 дәріс. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫ

Шетел азаматтарының құқықтық жағдайы әр мемлекеттің ұлттық заңымен және халықаралық шарттармен реттеледі.

Бірқатар елдердің доктриналарында (мысалы, Германия) шетелдіктердің арнайы мәртебесін анықтайтын нормалардың жиынтығы жеке құқық саласы – «шетелдіктердің құқығы» пәні бойынша қарастырылады. Францияда және құқықтық жүйесі француз құқығының ықпалымен қалыптасқан басқа елдерде, бұл нормалар дәстүрлі түрде азаматтық туралы нормалармен қатар халықаралық жеке құқықтың құрамына енеді. Мәселен, Австрияда шетелдіктердің құқықтары әкімшілік құқықтың бір саласы ретінде қаралады.

Қазақстанда, ТМД елдерінде және Шығыс Еуропа мемлекеттерінде «шетелдіктердің құқықтары» құқық жүйесінде жеке құқық саласы болып табылмайды, себебі реттей пәні бойынша тиісті нормалар әртүрлі құқық салаларына тиісті болып келеді.

Халықаралық жеке құқық нормаларымен шетелдіктердің мүліктік, жеке мүліктік емес, отбасылық, еңбек және процессуалдық құқықтары реттеледі.

Шетелдіктердің құқықтық жағдайының өзіне тән ерекшелігі бар. Оның спецификасы шетелдіктердің бір мезгілде екі құқықтық тәртіпке бағынуында: бір жағынан - өз мемлекетінің, екінші жағынан – келген мемлекеттің.

Қазақстан Республикасында **шетел азаматы** дегеніміз – ҚР азаматы болып табылмайтын және шетел мемлекетінің азаматы болып табылатын тұлғалар.

Қазақстан Республикасының азаматтары басқа елдің азаматтығына ие бола алмайды. Яғни біздің еліміздің заңы бойынша қос азаматтыққа тыйым салынады.

ҚР Конституциясының 12 бабының 4 тармағына сәйкес былай делінген: «шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар егер Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтарға ие болады және тиісті міндет атқарады».

Қазақстан Республикасында шетел азаматтарының құқықтық жағдайының негізгі қағидалары белгіленген:

Біріншіден, ұлттық режим қағидасы. Бұл Қазақстандағы шетел азаматтары заңдармен және халықаралық шарттармен көзделген жағдайларды ескермегенде, Қазақстан азаматтары үшін Конституциямен, заңдармен және халықаралық шарттармен белгіленген барлық құқықтарға ие болады және тиісті міндет атқаратындығын білдіреді.

Екінші, теңдік қағидасы. Бұл шетел азаматының шыққан тегіне, әлеуметтік, мүліктік жағдайына, ұлтына, жынысына, біліміне, тіліне, дініне, қызметіне қарамастан заң алдында теңдігін білдіреді.

Үшіншіден, шетел азаматтарының өздерінің құқықтары мен бостандықтарын Қазақстан Республикасына, оның азаматтары мен басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне кедергі келтірмей пайдалану қағидасы.

Төртіншіден, шетел азаматтарының өз құқықтары мен бостандықтарын ҚР заңдарымен белгіленген міндеттемелерді орындай отырып, тығыз байланыста пайдалану қағидасы.

Шетел тұлғаларының категориялары. «Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы» ҚР Президентінің Жарлығы шетелдіктердің ерекше категорияларының болуына байланысты жүзеге асырылады. Жарлық бойынша шетелдіктердің категориялары екіге бөлінеді: Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын және уақытша келіп кететін шетел азаматтары. Мұнда тұлғаны белгілі бір категорияға жатқызу оның келіп кету мерзімін емес, шетелдік тұлғаның мемлекетпен құқықтық байланысының деңгейін, оның Қазақстан аумағына келу мақсаты мен сипатын анықтау үшін маңызды болып табылады.

Қазақстанда тұрақты тұратын шетел азаматтарының мәртебесі уақытша келіп кететін шетел азаматтарының мәртебесінен ерекшеленеді.

Жарлықтың 4-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетел азаматтарына арнайы рұқсат алған және ішкі істер органдарымен берілген Қазақстан Республикасындағы шетел азаматының ықтиярхаты (вид на жительство) немесе азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігін алған тұлғалар жатады.

Басқа заңды негізде Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келген шетел азаматтары уақытша келіп кететін шетел

азаматтары деп танылады. Олар ҚР аумағынан белгілі бір мерзім өткеннен кейін кетуге міндетті.

Қандай да бір тұлғаның мемлекетте тұрақты тұруы оның құқықтық жағдайын анықтайды. Мәселен, еңбек мәселесі, әлеуметтік қамсыздандыру, тұрғын-үй қатынастарында шетелдіктердің құқықтары, денсаулықты сақтау, білім беру мәселесі.

Шетел азаматтарының азаматтық құқық-қабілеттілікке қатысты ұлттық режим. ҚР Азаматтық кодексінің 13-бабына сәйкес, құқықтар мен міндеттерге (құқыққабиілеттілік) ие болу қабиілеттілігі барлығына тең деп танылған. Яғни, «барлығы» деген ұғымға шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар да жатады. Құқыққабиілеттіліктің мазмұны Азаматтық кодекстің 14-бабына баянды етілген. Бұл бапта былай делінген: «азаматтың Қазақстан Республикасы шегінде де, одан тыс жерлерде де мүлікті, соның ішінде шетел валютасын меншіктенуге; мүлікті мұраға алып, мұраға қалдыруға; республика аумағында емін-еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты жер таңдауға; республикадан тыс жерлерге еркін шығып кетуге және оның аумағына қайтып оралуға; заң құжаттарында тыйым салынбаған кез келген қызметпен айналысуға; дербес өзі немесе басқа азаматтармен және заңды тұлғалармен бірігіп заңды тұлғалар құру; заң құжаттарында тыйым салынбаған кез келген мәміле жасасып, міндеттемелерге қатысу; өнертабыстарға, ғылым, әдебиет және өнер шығармаларына, интеллектуалдық қызметтің өзге де туындыларына интеллектуалдық меншік құқығы болуға; материалдық және моральдық зиянның орнын толтыруды талап етуге құқығы болады; басқа да мүліктік және жеке құқықтары болады». Конституцияның 12-бабының 4-тармағына сәйкес, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, егер Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, азаматтар үшін белгілеген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады делінген. Яғни, шетел азаматтарына олардың жеке заңы емес, олар тұрақты тұрып жатқан мемлекеттің заңы қолданылатындығын көруге болады.

Дегенмен, шетел азаматтарына заңмен олардың құқықтарына байланысты бірқатар шектеулер қойылған. Құқықтық әдебиеттерде бұл шектеулер екі топқа бөлінген. Бірінші топқа шетелдіктердің ҚР азаматтарымен қатар белгілі бір

лауазымдық қызметке немесе белгілі бір қызмет түрімен айналысуға қатысты шектеулер жатады. Мәселен, «Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы» атты ҚР Президентінің заң күші бар Жарлығының 16-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарына өіклді және басқа да мемлекеттік органдарда және лауазымдық қызметке сайлауға және сайлануға, сонымен қатар республикалық референдумға қатысуға тыйым салынады.

Екінші топқа қорғалатын шетел азаматтарының құқықтарының ерекше режимін белгілейтін ережелер құрайды. Мысалы, Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет жарияланған немесе жарияланбаған, бірақ түпнұсқасы қандай болса да объективті нысанда оның аумағында болған туындыға авторлық құқық Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады. Ал басқа туындыларға қатысты шетелдіктердің авторлық құқықтары халықаралық шарттармен белгіленеді.

Сондай-ақ шетел азаматтарының құқыққабилеттілігі **реторсия** нысанында да шектелуі мүмкін. Шетелде біздің азаматтарымыздың азаматтық құқыққабилеттілігіне қатысты шектеулер қойылған жағдайда, біздің мемлекетіміздің тарабынан сол мемлекеттің азаматтарына сәйкесінше шектеулер қойылады. Бұл реторсия деп аталады.

Шетел азаматтарының әрекетқабилеттілігі. Әрекетқабилеттілік дегеніміз – бұл әрбір азаматтың өз әрекетімен құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру қабилеттілігі. Толық әрекетқабилеттілік еліміздің заңы бойынша 18-жасқа толумен туындайды. Бірақ басқа елдерде толық әрекетқабилеттілік 18-жасқа толуымен туындай бермейді. Сондықтан шетелдіктердің әрекетқабилеттілігін біздің заңнамен анықтау бірқатар қайшылықтарға әкеп соғады. Сондықтан әрекетқабилеттілік әрбір азаматтың жеке заңы бойынша анықталады.

Шетел азаматтарының меншік құқығы. Шетел азаматтарының меншік құқықтарына қатысты ұлттық режим қолданылады. Шетел азаматтарына ұлттық заңнаманың азаматтардың меншігі туралы нормалары қолданылады.

Шетел азаматтары заңмен белгіленген шеңберде, Қазақстан Республикасының азаматтары секілді меншікті иеленуге, пайдалануға, билік етуге құқығы бар.

Шетел азаматтарының міндеттері. Шетел азаматтарына ұлттық режимді қолдану – бұл оларға азаматтармен бірге азаматтық құқықтарды беру ғана емес, сонымен қатар тиісті белгілі бір міндеттерді жүктеу болып табылады. Азаматтың немесе ұйымның мүлкіне зиян туындаған жағдайда зиянды өтеу жөніндегі міндеттеме туындайды.

Қазақстан заңы бойынша шетел азаматтарының құқықтары мен міндеттердің бірыңғайлық қағидасы көзделген. Тиісті міндеттемелерді орындамау заңмен белігленген белгілі бір жауапкершілікке әкеп соқтырады.

6 дәріс. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ МӘРТЕБЕСІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Практикада қандай да бір заңды тұлға қай мемлекетке тиесілі екендігін анықтау маңызды рөл атқарады.

Халықаралық жеке құқық теориясында «заңды тұлғаның жеке статуты» және «заңды тұлғаның ұлты» деген екі ұғым бар. Осы ұғымдарға толығырақ тоқталып өтейік. Заңды тұлғаның жеке статуты осы ұйым заңды тұлғаға жатады ма, оның құқықабілеттілігінің көлемі мен оның органдарының мәміле жасасу тәртібі қандай, қандай тәртіпте ол құрылып, өз әрекетін жүзеге асырады және қай заңның шеңберінде таратылады деген сұраққа жауап береді. Яғни, жеке статут осы заңды тұлғаның құқықтық жағдайын анықтайды, өйткені кез келген ұйым заңды тұлға болып табыла бермейді.

Өз кезегінде, «заңды тұлғаның ұлты» деген ұғым ең алдымен ұлттық және шетелдік заңды тұлғаларды ажырату үшін және басқа да құқықтық сұрақтарды шешу үшін қолданылады.

Заңды тұлғаның ұлтының негізінде нақты мемлекеттің аумағында шаруашылық қызметке жіберу шарттары, салық салу режимі және валюталық операцияларды жүзеге асыру және т.б. мәселелер анықталады.

Халықаралық жеке құқық әдебиеттерінде заңды тұлғаның ұлтын анықтаудың үш критерилері бар: инкорпорация қағидасы, заңды тұлғаның орналасқан жері және заңды тұлғаның қызмет орны.

Англо-американдық құқықтық елдерде (Ұлыбритания және АҚШ) заңды тұлғаның ұлтын анықтаудың маңызды критеріі болып оның құрылған жері табылады, яғни бұл елдерде заңды тұлғаның құрылып, жарғысы бекітілген жердің заңы қолданылады. Бұл критерий инкорпорация деп аталады.

Континенталды Еуропа елдерінде (ФРГ, Франция, Швейцария, Австрия) заңды тұлғаның ұлтын анықтау үшін критерий ретінде заңды тұлғаның орналасқан жерінің заңы қолданылады. Заңды тұлғаның орналасқан жері деп осы заңды тұлғаның басқармасы (әкімшілік орталығы) орналасқан жер танылады.

Заңды тұлғаның ұлтын анықтаудың үшінші критеріі болып заңды тұлғаның қызмет орны табылады. Мысалы ретінде Италия елінің заңнамасын айтуға болады.

Қазақстан Республикасының бірқатар заң нормаларында шетел заңды тұлғаларына анықтама беріп өткен.

Қазақстан мен Венгрия арасында келісім-шарттарда «заңды тұлға» деп әрбір келісуші тараптарға қатысты олардың заңдарына сәйкес құрылған кез келген кәсіпорын танылады. Венгрия Республикасында бұл термин осы елдің заңына сәйкес заңды тұлға құрмай, бірақ компания болып табылатын кез келген адамдар тобын білдіреді. Қазақстан мен Турция арасындағы келісім-шарт бойынша «инвестор» термині тек жеке тұлғаларды ғана емес, сондай-ақ кез келген тараптың заңына сәйкес құрылған және осы елдің аумағында штаб-квартирасы бар копорациялар, фирмалар немесе коммерциялық ассоциацияларды білдіреді. Көріп отырғанымыздай, мұнда инкорпорация критерийі қолданылады.

Қазақстандағы шетел заңды тұлғаларының құқықтық жағдайы ішкі заң ережелерімен, сондай-ақ өзара жасасқан халықаралық шарттармен де реттеледі.

Шетел заңды тұлғалардың құқықтық жағдайын негізге ала отырып, Қазақстан аумағындағы шетелдік қатысуы бар кәсіпорындар келесі нысанда әрекет етеді: шетел заңды тұлғалары, шетел кәсіпорындары, бірлескен кәсіпорындар, сонымен қатар шетел заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері.

«Шетел инвестициялары туралы» 27 желтоқсан 1994 жылғы ҚР заңында бұл ұғымдарға анықтама берілген. Бұл заңға сәйкес, шетелдік заңды тұлға – бұл Қазақстан Республикасының аумағынан тыс шет мемлекеттерінің заңдарына сәйкес құрылған заңды тұлға. «Шетел кәспорны» - бұл Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында құрылған және мүліктің (акцияның, жарнаның) бір бөлігі шетел иинвесторына тиесілі болып табылатын шетелдік қатысуы бар кәсіпорын.

Шетел инвестициялары туралы заңның 19-бабында шетел филиалдары мен өклдіктіктеріне қатысты анықтама берілген. Қазақстан Республикасының аумағынан тыс орналасқан шетел заңды тұлғаларының филиалы бұл – Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан және тіркелген, және осы заңды тұлғаның функциялараның барлығын немесе оның бір бөлігін жүзеге асыратын оның оқшауланған бөлімшесі.

Қазақстан Республикасының аумағынан тыс орналасқан шетел заңды тұлғаларының өкілдігі бұл – Қазақстан Республика-

сының аумағында орналасқан және тіркелген, және осы заңды тұлғаның мүдделерін қорғайтын және оның атынан мәмілелерді жүзеге асыратын оның оқшауланған бөлімшесі.

Қазақстандық заңнама бойынша филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлға болып табылмайды. Филиалдар мен өкілдіктердің басшыларын шетел заңды тұлғалары тағайындайды және олар өз қызметін сенімхаттың негізінде жүзеге асырады.

Жекелеген қызмет салаларында Қазақстан Республикасының аумағында шетел заңды тұлғаларына шектеулер қойылған. Сақтандыру саласында және банкілік қызмет аясында шетел заңды тұлғаларының қызметіне заңға сәйкес шек қойылған.

Шетел заңды тұлғалары, соның ішінде шетел сақтандыру ұйымдары, және шетел азаматтары Қазақстан Республикасының сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының қатысушысы болуға құқылы. Бірақ шетел инвесторларының мұндай ұйымдардың жарғылық қорындағы қатысу үлесі 50 пайыздан аспауы тиіс. Ал шетелдік қатысуы бар банк деп танылу үшін қатысу үлесінің $\frac{1}{3}$ – бөлігі шетел инвесторына тиесілі болу керек.

Ал енді бірлескен кәсіпорындардың құқықтық жағдайын қаарстыратын болсақ, бірлескен кәсіпорындар қазақстандық бірқатар заңдарымен реттеледі.

Шетел инвестициялары туралы заңның 14-бабына сәйкес, шетел қатысуы бар кәсіпорындар шаруашылық серіктестік, акционерлік қоғам және Қазақстан Республикасының заңына қайшы келмейтін өзге де нысандарда құрылуы мүмкін. Шетелдік қатысуы бар кәсіпорынның жарғылық қорының құрылымы мен мөлшерін құрылтайшылары анықтайды.

Жарғылық қор шаруашылық қызметтен түсетін пайданың есебінен және салымшылардың басқа да түсімдерінің есебінен толтырылады.

7 дәріс. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ НЕСИЕ ЖӘНЕ ЕСЕП АЙЫРЫСУ

Қазақстанда валюталық операция деп: 1) меншік құқықғына өтумен байланысты операциялар; 2) шетелге ақша аударымдарын жүзеге асыру; 3) Қазақстан Республикасының аумағына валюталық құндылықтарды алып келу, сонымен қатар валюталық құндылықтарды Қазақстан Республикасының аумағынан шығару танылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі елдегі валюталық реттейтін орталық орган болып табылады. Халықаралық несие және есеп айырысу әртүрлі мемлекеттердің банктерімен, сондай-ақ халықаралық қаржылық мекемелермен жүзеге асырылады.

ТМД елдерінің, сонымен қатар Қазақстан елінің басшылары 1993 жылы 22 қаңтарда Минскіде бірқатар халықаралық келісім-шарттарға қол қойылды. ТМД елдерінің Мемлекетаралық банкі құрылды. Банкті құру мақсаты – ТМД елдерінің ұлттық банктерінің арасында көпжақты мемлекетаралық есеп айырысуларды ұйымдастыру.

Халықаралық несие және есеп айырысуды реттеудің шартты нысандары. Халықаралық есеп айырысулар туралы келісімдер - халықаралық экономикалық қатынастар аясында жеткізілген тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін халықаралық есеп айырысуларды жүргізу тәртібі туралы мемлекеттер арасындағы келісімді білдіреді.

Осыған байланысты келісімдердің келесідей түрлері бар:

Төлемдік келісімдер – бұл мемлекеттер төлемнің түрі мен нысаны туралы келісетін келісімнің түрі. Төлем тәртібі мен түрі туралы келісім жеке құжат ретінде рәсімделуі де мүмкін.

Клирингтік келісімдер – сыртқы сауда, сыртқы экономикалық операциялар бойынша қарыздар мен талаптарды өзара есепке алу жөніндегі халықаралық есеп айырысулар бойынша келісім түрі. Бұл есепке алу қолма-қолсыз нысанда орталықтандырылған түрде жүзеге асырылады. Осыған байланысты банктер бір біріне клирингтік шот ашады.

Несие келісімдері – бұл келісім шарт бойынша бір тарап кредитор екінші тарапқа белгілі бір ақша сомасын беруге

міндеттенеді, ал ақша қаражаттарын алған екінші тарап шартта көзделген мерзімде ақша сомасын қайтаруға міндеттенеді. Мұндай несие келісімінің ерекшелігі - несие сомасы шектелген сипатқа ие болады және оның мөлшері шартта көрсетіледі.

Халықаралық төлемдердің ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары:

Құжаттарды ұсыну жөніндегі инкассо. Бұл операция бойынша сатушы тауар жөнелтілгеннен кейін көлік құжаттарымен бірге төлем шотын сатып алушыдан талап етуді банкке тапсырады: егер сатып алушы төлем жүргізуден бас тартса, онда оған құжаттар берілмейді. Көлік құжаттары сатып алушы төлем жүргізгеннен кейін банкпен беріледі. Инкассо нысанында жүргізілетін есеп айырысулар Халықаралық сауда палатасында бекітілген инкассо жөніндегі Унификацияланған ережелермен реттеледі.

Алдына ала төлем. Сатып алушы тауар оған келіп жеткенге дейін алдын ала сатушыға төлем жүргізуге міндеттенеді. Бірақ мұндай есеп айырысулардың бірқатар кемшіліктері бар. Мәселен, сатып алушыға тауардың жетпей қалуы немесе сапасы төмен тауар алуы және т.б.

Аккредитивті есеп айырысу нысаны – Халықаралық сауда палатасының ережелерімен бекітілген ең кең таралған есеп айырысу нысаны.

Аккредитив дегеніміз – контаркт бойынша контаргент болып табылатын экспортердың пайдасына клиенттің (импортердің) тапсырмасы бойынша берілетін банктің ақшалай міндеттемесі. Бұл міндеттеме бойынша аккредитив ашқан банк экспортердің пайдасына төлем жүргізуі тиіс. Яғни басқаша айтқанда, сатып алушы банкте сатушының пайдасына аккредитив ашады, осы аккредитив бойынша банк сатушыға жөнелтілген тауардың құнының мөлшерінде төлем жүргізеді.

Аккредитив кері қайтарып алынатын және кері қайтарып алынбайтын деп бөлінеді. Сондықтан барлық аккредитивті құжаттарда олардың қандай түрге жататындығы көрсетіледі. Егер қандай түрге жататындығы көрсетілмесе, онда ол кері қайтарылып алынатын аккердитив болып табылады. Бұл аккредитив бойынша банк өз қалауы бойынша клиентті алдын ала хабардар етпей, кез келген уақытта аккредитивті өзгертуге немесе тоқтатуға құқылы.

Ал кері қайтарылмайтын аккредитив бойынша клиенттің келісімінсіз аккредитивтің талаптары өзгертілуі немесе тоқтатылуы мүмкін емес.

Жоғарыда келтірілген аккредитивтен басқа, аударымды аккредитивтер де орын алады. Бұл бойынша клиент (бенефициар) аккредитивпен басқа бір немесе бірнеше тұлғалардың пайдалануын сұрайды. Басқаша айтқанда, аударымды аккредитив бенефициарға аккредитивті үшінші тұлғаларға, екінші бенефициарға беруді банктен талап етуге құқық береді. Ал екінші бенефициарлар немесе үшінші тұлғалар басқа адамдарға аккредитивпен пайдалануды талап ете алмайды.

Аккредитивтің келесі бір түрі – револьверді аккредитив. Мұнда төлемдер толық сомаға ашылмайды, тек оның бір бөлігіне ғана ашылады. Мұндай аккредитивті ашу үшін сатушы мен сатып алушы тұрақты болуы керек және белгілі бір мерзімде жеткізіліп отыратын тауар мөлшері бірыңғай болуы қажет. Мысалы, Турциядан ай сайын тауар Қазақстанға жөнелтіліп отыратын болса, сатып алушы бір жылға аккредитив ашуы мүмкін. Банк, өз кезегінде, барлық ашылған сомаға емес, тек ай сайынғы жіберілген тауар үшін ғана ақша аударып отырады. Бұл бенефициар үшін тиімді болып табылады, себебі, ай сайын аккредитив ашу қажеттілігін туындатпайды.

Аккредитивтің келесі түрі – компенсациялық аккредитив. Компенсациялық мәміле бойынша екі серіктес бір банкте бір бірiне аккредитив ашады және ол бойынша екеуінің бір-бiрiне деген қарызы өтелiп отырады.

Вексель – халықаралық саудада қолданылатын несие мен есеп айырысудың маңызды құралы болып табылады. Вексель бойынша вексель ұстаушы белгілі бір мерзімнің шегінде вексельге қол қойған тұлғалардан онда көрсетілген ақша сомасын төлеуді талап етуге құқылы. Вексельді басқаша алып қарағанда, борыштық міндеттеме де болып табылады. Вексельдің түрлері: **аударымды вексель немесе тратта** – бұл бір тұлғаның (трассанттың) екінші тұлғаға (трассатқа) белгілі бір мерзімде үшінші тұлғаға (ремитентке) ақша сомасын төлеуді ұсынуы. Екінші түрі – **жай вексель**. Бұл вексель бойынша вексель беруші вексель ұстаушыға вексельде көрсетілген ақша сомасын беруге міндеттенеді.

Халықаралық несиенің түрлері. Халықаралық несие мерзіміне байланысты келесі түрлерге бөлінеді: қысқа мерзімді – 1 жылға дейін; орта мерзімді – 1 жылдан 5 жылға дейін; ұзақ мерзімді – 5 жылдан жоғары.

Халықаралық несие аясында несие беретін субъектілерге байланысты олар мынадай түрлерге бөлінеді: фирмалық; банкілік; үкіметтік; халықаралық қаржы мекемелерімен ұсынылатын несие.

Фирмалық несиені импортер және экспортер болып табылатын кәсіпорында ұсынады. Мысалы, тұрмыстық техника, машиналарды шығаратын кәсіпорындар шетел кәсіпорындарына несиеге шығарған тауарларын береді. Төлем валютасы тараптармен шартта анықталады. Сондықтан мұндай несие фирмалық деп аталады.

Банкілік кредит – бұл банктердің шетелдердің банктеріне несие беру болып табылады.

Үкіметтік несие – бұл бір елдің үкіметінің екінші елге орталық банктер арқылы белгілі бір мерзімге несие беруі.

Халықаралық қаржы мекемелерімен берілетін несие – арнайы несие қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың белгілі бір мерзімге несие беруі.

8 дәріс. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨЛІКТІК ҚҰҚЫҚ. Жолаушыларды халықаралық тасымалдау

Халықаралық көліктік құқық – бұл халықаралық жеке құқықтың бір бөлімі ретінде жолаушыларды, жүк және қол жүгін тасымалдау жөнінде міндеттемелік қатынастарды реттейтін құқықтық қағидалар мен нормалардың жиынтығы.

Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдау ҚР Азаматтық кодексімен, «Көлік туралы» заңмен реттеледі.

Қазақстан Республикасының аумағында әуе көлігі, теңіз көлігі, жол көлігі, темір жол көлігі кеңінен қолдануда. Халықаралық деңгейде көліктік құқық бірқатар халықаралық шарттармен реттеледі. Атап айтатын болсақ, «Темір жолдар бойынша жолаушыларды және теңдеме жүкті тасымалдау туралы» Келісім (Варшава, 6 желтоқсан 1950 ж.); «Халықаралық әуе арқылы тасымалдауға қатысты кейбір ережелерді унификациялау үшін Конвенция» (Варшава, 12 қазан 1929 ж.); «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азербайжан Республикасының Үкіметі арасындағы халықаралық автомобильдік тасымалдау туралы Келісім» (Баку, 16 қыркүйек 1996 ж.); «Жолаушылар мен теңдеме жүкті халықаралық автомобиль арқылы тасымалдау туралы Конвенция» (Бишкек, 9 қазан 1997 ж.).

Ал енді жоғарыда аталған Конвенциялар мен Келісімдердің мазмұнын ашып өтейік. 6 желтоқсан 1950 жылы Варшава қаласында қабылданған «Темір жолдар бойынша жолаушыларды және теңдеме жүкті тасымалдау туралы» Келісім-шарт бойынша, жол жүргенге дейін жолаушы жол жүруге жарамды билет алуы тиіс. Жолаушы билетті жол жүру аяқталғанға дейін сақтауға міндетті. Билет халықаралық жолаушыларды тасымалдау талаптарына сәйкес болуы тиіс. Билетте: жөнелтілетін және келіп түсетін станцияның атауы; жүретін жол; поезд түрі мен вагон класы; жол ақысы; билеттің бірінші жарамдылық күні; жарамдылық мерзімі көрсетілуі тиіс.

Жолаушы, егер бала жеке орынды алмайтын болса, 4 жасқа дейін өзімен бірге баланы алып жүруге құқылы. 4 жастан 10 жасқа дейінгі балалар үшін, сонымен қатар жеке орынды алатын 4 жасқа толмаған балалар үшін балалар билеті алынуы керек.

Балалар үшін жол жүру ақысы ересек жолаушылар үшін белгіленген билет құнының 50 пайызы мөлшерінде болады. 10

жастан асқан балаларға ересек жолаушылары үшін белгіленген билет алынады.

Жолаушы өзімен бірге қол жүгін тегін алып жүруге құқылы. Қол жүгін орналастыру үшін вагонда арнайы орын болады. Қол жүгінің жалпы салмағы ересек жолаушы үшін 35 кг және 10 жасқа дейінгі балалар үшін 15 кг-нан аспауы тиіс. Одан салмағы асып кететін қол жүгі багажға өткізілуі тиіс.

Қол жүгі ретінде тасымалдауға жіберілмейтін заттар:

- вагонды немесе басқа жолаушылардың заттарын ластайтын заттар;
- өртке қауіпті, тез жанатын, жарылғыш, улағыш заттар;
- оқталған қару;
- инфекциялық немесе сасық иісті заттар.

Жолаушылардың теңдеме жүктері (чемодан, сандық, қаптар, коробкалар, кәрзеңкелер) багажға қабылданады. Сонымен қатар багажға мына заттар қабылданады:

- жиналатын орындықтар, коляскалар;
- музыкалық аспаптар;
- өлшеу құралдары;
- бір орынды мотоциклдер және т.б.

Бір теңдеме жүктің салмағы 75 кг аспауы тиіс. Теңдеме жүкті багажға өткізетін кезде жолаушыға теңдеме жүк түбіртегі беріледі. Көзделген орынға жетіп келген кезде теңдеме жүкті алу үшін жолаушы теңдеме жүк түбіртегін беруі тиіс. Егер теңдеме жүк түбіртегін жоғалтып алған жағдайда, жолаушы сол затқа өз құқығы бар екенін дәлелдеген жағдайда ғана оған оның жүгі беріледі.

Темір жол мына жағдайда теңдеме жүкті жоғалтқан жағдайда толық немесе ішінара жауапкершіліктен босатылады:

- егер теңдеме жүктің жоғалуы жолаушының кінәсінен болса;
- теңдеме жүктің өзіне тән кемшіліктердің салдарынан болса;
- темір жолға байланысты емес мән-жайлардан болса.

Теңдеме жүк толық немесе ішінара бүлінсе (жойылса) темір жол жолаушыға шын мәнісінде дәлелденген жоғалған теңдеме жүктің немесе оның бір бөлігінің құнын төлеуге міндетті. Бірақ оның құны әрбір жетпген килограмм үшін 17,25 рубльден

аспауы керек. Ерекше құндылыққа ие теңдеме жүк жоғалған жағдайда толық көлемде орны толтырылады.

«Халықаралық әуе арқылы тасымалдауға қатысты кейбір ережелерді унификациялау үшін 12 қазан 1929 жылғы Конвенция» бойынша, жолаушыларды тасымалдау үшін билет беріледі. Жол жүру билеті тасымалдау туралы шарттың жасасқанын куәландыратын құжат болып табылады.

Тіркелген теңдеме жүкті тасымалдау барысында теңдеме жүк түбіртегі берілді.

Жолаушыларды тасымалдау барысында тасымалдаушының әрбір жолаушыға қатысты жауапкершілігінің сомасы 250 000 франкпен шектеледі. Бірақ айрықша Келісімдер арқылы тасымалдаушы мен жолаушы жауапкершіліктің ең жоғарғы шегін белгілеуі мүмкін.

Тіркелген теңдеме жүк үшін жауапкершілік сомасы әр килограмм үшін 250 франкпен шектеледі.

Ал жолаушының өзімен бірге қалдырылған қол жүгіне қатысты заттар үшін тасымалдаушының жауапкершілік сомасы әрбір жолаушыға 5000 франкпен шектеледі.

16 қыркүйек 1996 жылғы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азербайжан Республикасының Үкіметі арасындағы халықаралық автомобильдік тасымалдау туралы Келісім-шартқа» сәйкес, тасымалдаушы – бұл халықаралық тасымалдауды екі елдің ішкі заңына сәйкес орындауға уәкілетті жеке немесе заңды тұлға.

Бұл Келісім-шарт бойынша үздік және үздіксіз тасымалдау деген ұғымдарға түсініктеме беріледі. Жолаушыларды үздіксіз тасымалдау дегеніміз – келісімге келген мемлекеттердің автокөлік құралдары арқылы жүзеге асырылатын, алдын-ала келісілген кесте бойынша қозғалыстың бастапқы және соңғы пункттері көрсетілетін тасымалдау. Сондай – ақ «жолаушыларды транзиттік тасымалдау» бұл – жөнелту және жету пунктсі осы келісілген мемлекеттің аумағынан тыс орналасқан, бірақ жолаушыларды келісілген мемлекеттің бірі арқылы алып өтетін тасымалдау түрі.

9 қазан 1997 жылғы «Жолаушылар мен теңдеме жүкті халықаралық автомобиль арқылы тасымалдау туралы Конвенцияға» сәйкес, жолаушыларды үздіксіз тасымалдау келісілген тараптардың құзыретті органдары арасындағы келісімдері бойынша ұйымдастырылады. Екі ел арасында

автокөлік құралдары арқылы жолаушыларды үздікті және үздіксіз тасымалдауды жүзеге асыру үшін келісілген мемлекеттің құзыретті органдарымен берілетін рұқсат болуы қажет. Жолаушыларды үздікті және үздіксіз әрбір тасымалдау үшін жеке рұқсат беріледі. Бұл рұқсат тек бір рейске барып келуге ғана құқық береді.

Жолаушыларды халықаралық автобус арқылы тасымалдауды жүзеге асыру барысында жолаушы:

- билет сатып алуа, тиісті орынға отыруға;
- оларға қойылған тиісті талаптарды сақтауға;
- егер теңдеме жүгі болса, теңдеме жүк түбіртегін сақтауға міндетті.

Жолаушының құқығы:

- 5 жасқа дейін бір баланы тегін алып жүруге;
- Бір қол жүгін тегін алып жүруге;
- Қозғалыс маршруты туралы ақпарат алуға;
- Тасымалдаушымен жолаушының өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген жағдайда толық көлемде орнын толтыруды талап етуге құқылы.

Тасымалдаушының міндеті:

- Билеттерді алдын-ала сатуды қамтамасыз етуге;
- Жүргізушіні маршрут сұлбасымен таныстыруға;
- Автобустың техникалық және санитарлық жағдайын қамтамасыз етуге;
- Жолаушыға қауіпсіз, ыңғайлы жол жүруді қамтамасыз етуге;
- Жолаушыға қосымша қызмет көрсетуге.

Тасымалдаушының құқықтары:

- Эпидемия, табиғи (форс-мажорлық) мән-жайлар болған жағдайда өз мемлекетің аумағында халықаралық тасымалдауды шектеуге немес тыйым салуға;
- Жолаушының келісімімен теңдеме жүктің жағдайын теңдеме жүк түбіртегінде белгілеп қоюға.

Төлемдерді қайтару. Автобус жөнелтілгенге дейін 2 сағат қалғанда билет қайтарылған жағдайда жолаушыға билетті алдын ала сатқаны үшін алынған алымның сомасы ескеріле отырып, билеттің құны қайтарылады. Автобус жөнелтілгенге дейін 15

минут қалғанда билет қайтарылған жағдайда жолаушыға тасымалдаушымен анықталған мөлшерде билеттің құны қайтарылады.

Жолаушы билетті жоғалтып алған жағдайда ол автобусқа жіберілмейді, билеттің құны қайтарылмайды, наразылықтар қабылданбайды.

9 дәріс. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨЛІКТІК ҚҰҚЫҚ. Жүкті халықаралық тасымалдау

Жүкті халықаралық тасымалдау шарт негізінде жүзеге асырылады. Тасымалдау шартының мазмұнында тасымалдау барасында жүзеге асырылатын барылқ экономикалық операциялардың кешені көрініс табады.

Жүк автокөлік, теңіз көлігі, әуе көлігі және темір жол арқылы тасымалданады. 19 мамыр 1956 жылғы «жүкті халықаралық тасымалдау шарты туралы» Конвенцияға сәйкес, (Қазақстан Республикасы бұл конвенцияға 12 мамыр 1995 жылы қосылды) тасымалдау шарты тіркеме қағазбен (накладная) анықталады. Тіркеме қағазы үш түпнұсқада жасалады, оған жүк жөнелтуші, тасымалдаушы қол қояды. Тіркеме қағаздың бірінші түпнұсқасы жүк жөнелтушіге беріледі, екіншісі жүкпен бірге болады, ал үшіншісі жүк тасымалдаушыда сақталады. Егер жүк бірнеше көліктерге тиелетін болса, онда әрбір авто көлікке тиелген жүк үшін бөлек тіркеме қағаз толтырылады.

Тіркеме қағазында мынадай мәліметтер болуға тиісті:

- толтырылған орны мен күні;
- жүк жөнелтушінің аты-жөні, тұрғылықты жері;
- жүк тасымалдаушының аты-жөні, тұрғылықты жері;
- тасымалдануға жататын жүкті қабылдап алу орны мен күні;
- жүкті қабылдап алушының аты-жөні мен тұрғылықты жері;
- жүктің ерекшелегін сипаттау;
- жүк орындарының саны;
- жүктің брутто салмағы;
- тасымалдаумен байланысты шығындар.

Жүкті қабылдап алған кезде жүк тасымалдаушы тіркеме қағазда көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын, жүктің сыртқы жағдайын және оның ыдысын тексеріп шығуға міндетті.

Жүк тасымалдаушы тексерумен байланысты шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқылы. Аталған тексерулердің нәтижелері тіркеме қағазға енгізіледі.

Тіркеме қағазы шарт талаптарының дәлелдемесі ретінде және жүк тасымалдаушының жүкті қабылдап алғандығын куәландыратын құжат болып табылады.

Жүк жөнелтуші жүкті бергенге дейін тіркеме қағзға қажетті құжаттарды ұсынуға және барлық тиісті мәліметтерді хабарлауға міндетті.

Жүк тиісті орынға жеткізілген жағдайда, жүкті қабылдап алушы тіркеме қағаздың екінші түпнұсқасын талап етуге құқылы.

Жүк тасымалдаушы жүкті мерзімін өткізіп алған жағдайда, жүкті толық немесе ішінара жоғалтып алған жағдайда жауапты болады. Жүк тасымалдаушы оның кінәсінен болмаған қандай да бір жағдайлар бойынша жауапкершіліктен босатылады.

Жүк тасымалдаушы мына жағдайда жауапкершіліктен босатылады:

- егер, тіркеме қағазда тікелей көрсетілсе, үсті ашық автомобильмен жүк тасымалданса;
- жүк ыдысы болмаса немесе тиісті негізде буып-түйілмесе;
- жүк өздігінен бүлінсе, шірісе, құрғап кетсе, сынса;
- тірі жануарларды тасымалдаса.

Шарт бойынша құқылы тұлға жүкті жеткізуді шекті мерзім белгіленген жағдайда жүк келіп жетуге тиісті күннен бастап 30 күннен кейін, ал егер шекті мерзім белгіленбесе, онда жүк тасымалдаушы жүкті қабылдап алған күннен бастап 60 күннен кейін жүкті жоғалды деп тануға құқылы.

Егер жүк жөнелтуші жүк тасымалдаушыға қауіпті жүкті берсе, онда ол бұл жүктің қауіптілігін сипаттап, тиісті қауіпсіздік шараларын қолдану керек екендігін ескертуге құқылы.

Егер мұндай ескертпелер тіркеме қағазында орын алмаған болса, онда жүк жөнелтуші немесе жүкті қабылдап алушы жүк тасымалдаушының мұндай жүк туралы хабардар болғандығын дәлелдеуге міндетті.

Жүктің құны биржалық котировка негізінде анықталады, ал егер ондай негіз болмаған жағдайда ағымдағы нарықтық бағаның негізінде анықталады. Шығынның мөлшері жетпей жатқан әрбір килограмм үшін брутто салмағына 25 фрнактан аспауы тиіс. Франк деп 0,900 пробадағы 10/31 гр. алтынның салмағындағы алтын франк түсіндіріледі.

Өтеуге жатады: тасымалдау төлемі, жоғалған жүк (толық немесе ішінара). Егер жүкті жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, онда ол туралы жазбаша түрде жүк келген күннен бастап 21 күннің ішінде хабардар етуі тиіс.

Жүкті жөнелтуге байланысты барлық туындайтын сұрақтар бойынша талап қоюшы жауапкердің тұрғылықты жері бойынша; жүк жөнелтілген немес қабылдап алған елдің сотына шағымдануға құқылы.

1978 жылғы жүкті теңіз арқылы тасымалдау туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының Конвенциясына сәйкес, тасымалдаушы – бұл жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартын жөк жөнелтушімен бірге жасасқан тұлға.

Теңі арқылы жүк тасымалдау шартының ерекшелігі - мұнда бұл шартты куәландыратын құжат болып тіркелген қағаз емес (накладная), коносамент табылады.

Коносамент - бұл осы құжатқа сәйкес, жүк тасымалдаушы жүкті тапсыруға міндеттенетін және теңіз арқылы жүк жөнелту шартын куәландыратын құжат.

Коносамент тек теңі арқылы жүк жөнелту барысында қолданыс табады. Ал басқа көліктің барлық түрлері арқылы жүк жөнелтілген жағдайда тіркеме қағазы қолданылады.

Жауапкершілік кезені. Жүк тасымалдаушының жүкке қатысты жауапкершілігі ол жүкті қабылдап алған сәттен жүкті тапсырған сәтке дейінгі кезенді қамтиды. Жүк жоғалған немесе бүлінген жағдайда туындаған залал үшін жүк тасымалдаушының жауапкершілігі әрбір орынға 835 есеп бірлігіне эквивалентті сомамен шектеледі немесе жоғалған немесе бүлінген жүктің бір килограмм үшін брутто салмағына 2,5 есептік бірлік сомасынан аспауы тиіс.

Жүк жөнелтуші қауіпті жүкті ерекше бөліп қоюға немесе оны белгілеп қоюға міндетті.

Жүк тасымалдаушы жүкті қабылдап алғаннан кейін жүк жөнелтушінің талап етуі бойынша коносаментті беруге міндетті. Кеме капитаны коносаментке қол қойған жағдайда жүк тасымалдаушының атынан қол қойылған деп есептеледі.

Коносаментте мына мәліметтер болуы тиіс:

- Жүктің жалпы сипаты;
- Жүк жөнелтушінің аты-жөні, тұрғылықты жері;
- Жүк тасымалдаушының аты-жөні, тұрғылықты жері;
- Жүк қабылдап алушының аты-жөні;
- Жүк тиейтін порт атауы, күні;
- Жүк түсіретін порт атауы;

- Коносамент түпнұсқасының саны;
- Коносамент берілген жер;
- Жүк тасымалдаушының қолы.

Егер тараптардың арасында жүктің жоғалуы, бүлінуі, уақытан кешігіп келуі салдарынан дау туындаған жағдайда талап-арыз мына елдің сотына берілуі мүмкін: а) жауапкердің негізгі коммерциялық кәсіпорны орналасқан; ә) шарт жасасқан жер; б) жүк тиелген немесе жүк түсірілген жер; в) шартта көзделген кез келген қосымша жер.

Жүк жөнелтумен байланысты кез келген талап-арыз бойынша ескіру мерзімі екі жыл. Ескіру мерзімі жүк түсірілген немесе түсіруге тиіс болған күннен бастап есептеледі.

Сонымен қатар, халықаралық жеке көлік құқықығында аралас тасымалдау деген ұғым көрініс табады.

Жүктерді халықаралық аралас тасымалдау шарты туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының 24 мамыр 1980 жылғы Конвенциясына сәйкес, **халықаралық аралас тасымалдау** – дегеніміз аралас таысмалдау шартына сәйкес, жүкті кем дегенде екі көлік арқылы тиісті жерге дейін тасымалдауды білдіреді.

Халықаралық аралас тасымалдау шартын жүк жөнелтуші мен оператор жасасады. Жүк жөнелтушінің жүгін оператор қабылдап алып, аралас тасымалдау құжатын жүк жөнелтушіге беруіге міндетті.

Аралас тасымалдау шартының ерекшелігі – мұнда тек екі тұлғаның - жүк жөнелтуші және оператордың арасында шарт жасалуы. Яғни оператор жүк жөнелтушінің иелігінен жүкті қабылдап алғаннан кейін жүк тасымалдаушылармен жеке дара шартқа отырады. Оператордың жүк жөнелтушінің алдындағы міндеті – қандай көлік түрі болмасын, қанша көлік түрі болмасын тиісті орынға дейін жүкті жеткізу. Бұл шарттың ыңғайлығы - жүк жөнелтуші жүкті бірнеше көлік арқылы тасымалдау қажет болған жағдайда тасымалдаушылардың әрқайсысымен жеке дара шарт жасаспай, бір ғана оператормен шарт жасасып, өз уақытын, қаражатын үнемдеу мүмкіндігіне ие болады. Мұнда жауапкершілік деңгейін анықтайтын болсақ, оператор жүк жөнелтушінің алдында толық көлемде жауапты болады. Ал жүк тасымалдаушы тек оператор алдында жасасқан шарттың шеңберінде жауапты болады.

10 дәріс. ЗИЯН КЕЛТІРУ САЛДАРЫНАН ТУЫНДАЙТЫН МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Халықаралық жеке құқығындағы құқықбұзушылықтан туындаған маңызды қағида *lex loci delicti* деп аталады. «Деликт» - бұл құқықбұзушылық. Осы салада әрекет ететін заңдарда көптеген мемлекеттер: а) зиян келтірген жағдайда, әдетте, зиян келтірілген жердің заңы қолданылады; ә) зиян келтіруші мен жәбірленуші бір мемлекетте болған кезде, сол мемлекеттің заңы қолданылатындығын айқындайды.

Деликтік міндеттемелерді мәжбүрлі түрде орындау мақсатында Қытайда құқыққа қайшы әрекет жасалған жердің заңы қолданылады.

Қазақстан Республикасының заңы бойынша азаматтар мен заңды тұлғалардың мүліктік немесе мүліктік емес игіліктері мен құқықтарына заңсыз іс-әрекеттерімен келтірілген зиянды, оны келтірген тұлға толық көлемде өтеуге тиіс. Сонымен қатар ҚР Заңнамалары бойынша моральдық зиянды өтеу ерекшеліктері көзделген. Моральдық зиян деп – жеке және заңды тұлғалардың өзіндік мүліктік емес игіліктері мен құқықтарының бұзылуы, кемсітілуі немесе олардан айырылуы, соның ішінде жәбірленушінің өзіне қарсы құқық бұзушылықтың жасалуы салдарынан басынан кешірген жан азабы немесе тән азабы түсіндіріледі.

Зиян келтірушінің кінәсіне қарамастан моральдық зиян мына жағдайларда, егер:

- 1) зиян азаматтың өмірі мен денсаулығына жоғары қауіптілік көзі арқылы келтірілсе;
- 2) зиян азаматқа оның заңсыз сотталуының, заңсыз қылмыстық жауапқа тартылуының, бұлтартпау шарасы ретінде заңсыз қамауға алуды, үйде қамауда ұстауды немесе ешқайда кетпеуі туралы қолхат алуды қолданудың, қамауда ұстау, психиатриялық емдеу мекемесіне немесе басқа емдеу мекемесіне орналастыру түрінде әкімшілік жазаны заңсыз қолданудың салдарынан келтірсе;
- 3) зиян ар-ожданына, қадір-қасиеті мен іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтер тарату арқылы келтірілсе өтеледі.

Моральдық зиян ақшалай нысанда өтеледі. Моральдық зиян өтелуге тиіс мүліктік зиянға қарамастан өтеледі.

Негізінен, халықаралық зиян мемлекеттер арасында жасасқан шартқа сәйкес өтеледі. Осыған сәйкес бірқатар келісім-шарттар мен Конвенцияларды атап өтуге болады: 1963 жылғы ядролық зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік туралы Веналық келісім-шарт; 1960 жылғы атом энергетикасы саласында үшінші тұлғаларға қатысты жауапкершілік туралы Конвенция.

1963 жылғы Конвенцияға сәйкес, бірқатар ұғымдар берілген. **"Оператор"** – бұл ядролық құрылғыны орнатқан және сол үшін жауап беретін тұлға. **«Ядролық материал»** - барлық радиоактивті өнімдер немесе қалдықтар. **"Ядролық инцидент"** – ядролық зиян келтіретін кез келген оқиға. **"Ядролық зиян"** – радиоактивті заттардың нәтижесінде кісі өліміне, дене жарақатына немесе кез келген мүліктік зиян.

Ядролық зиян үшін туындайтын жауапкершілік Конвенциямен белгіленген бірқатар қағидалар негізінде жүзеге асырылады: а) «абсолютті» жауапкершілік, яғни жауапкершілік кінә анықталмай туындайды; б) ядролық қондырғыны орнатқан оператордың «айрықша» жауапкершілігі; в) сақтандыру немесе қаржылық қамтамасыз етудің басқа түрлерінің шеңберінде жауапкершіліктің сомасын «шектеу».

«Абсолютті» жауапкершілік. Бұл қағидаға сәйкес, оператор өзінің кінәсінің бар-жоқтығына қарамастан жауапты болады. Талап қоюшы бұл жерде ядролық инцидент пен зиянның арасындағы себепті-байланысты дәлелдеуі тиіс. Оператор қарулы дағдарыс, азаматтық соғыс немесе көтеріліс нәтижесінде туындаған зиян үшін ғана жауап бермейді.

«Ядролық құрылғыны орнатқан оператордың айрықша жауапкершілігі». Айрықша жауапкершіліктің екі аспектісін атап көрсетуге болады. Құқықтық тәртіп бойынша ең алдымен жауапкершілік операторға жүктеледі, екіншіден, оператор өзі қондырмаған ядролық құрылғы үшін жауап бермейді.

«Жауапкершіліктің сома бойынша шектелуі». Оператордың жауапкершілігі ең алдымен сома бойынша шектелуі мүмкін. Құрылғы үшін жауап беретін мемлекет әрбір ядролық инцидент үшін 5 млн. АҚШ долларынан кем емес мөлшерде

жауапкершілікті шектеуі мүмкін. Сонымен қатар оператор жәбірленушілердің алдында өзінің міндеттемелерін орындау үшін қаржылық тұрғыдан қамтамасыз етілуі тиіс.

Барлық құқықтық жүйелерде туындаған ядролық зиян үшін қойылатын талап арыздың шекті мерзімі белгіленеді. Вена конвенциясына сәйкес, өндіріп алу құқығы өз күшін жоғалтады, егер сотқа талап-арыз ядролық инцидент туындаған күннен бастап 10 жыл ішінде берілмесе. Егер ядролық материал ұрланса, жоғалса, тастап кетсе немесе қараусыз қалса, онда ядролық материал ұрланған, жоғалған, тастап кеткен немесе қараусыз қалған сәттен бастап 20 жылдан кешіктірілмей талап арыз берілуі тиіс.

11 дәріс. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ

Әлеуметтік-экономикалық қатынастарда еңбек қатынастары маңызды рөл атқарады. Еңбек қатынастары жұмысшылар мен басшылардың арасындағы қатынастарды ғана емес, сонымен қатар жұмысшыларды әлеуметтік қамтамасыз ету, жұмыспен қамту және миграция мәселесін мемлекеттік реттеу, еңбекті қорғау және олармен байланысты басқа қатынастарды да қамтиды.

Шетел элементі бар еңбек қатынастарын құқықтық реттеудің маңыздылығы қазіргі таңда, миграциялық процесстер мен тереңдетілген экономикалық қатынастардың белсенді кезеңінде үнемі өсуде.

Халықаралық жеке құқықта еңбек қатынастары негізгі қағида **lex loci Laboris**, яғни жұмысшы өзінің міндетін орындайтын елдің заңы қолданылады. Қосымша қағида ретінде *lex loci delegationis* (ұзақ іссапарлары үшін), *lex flagi* (теңізшілер мен ұшқыштар үшін) қолданылады.

Шетел элементі бар еңбек қатынастары екі елдің арасындағы келісім-шарттың негізінде жүзеге асырылады. Шетел элементі бар қатынастарды реттеу үшін мына мән-жайлар сақталуы тиіс:

1) еңбек шартын жасасу сәтінде, сондай-ақ оның әрекет етуі мен өзгерту кезінде тараптардың құқықты таңдау кезінде жазбаша нысанын сақтау;

2) тараптардың таңдаған заңдары мен еңбек шартының арасындағы тығыз байланыстың болуы;

3) кәсіпорын жұмысшыларының еңбегі мен демалысын бірыңғай реттеуді қамтамасыз ету үшін екі ел арасындағы құқықтық жүйелері бойынша еңбек құқықтық қатынастарының мазмұнының ыңғайлы болуы.

Жекелеген заңдарда және Үкімет Қаулыларында халықаралық-құқықтық келісімдерінді тікелей әрекет етуі көзделген.

Кез келген елдің еңбек нарығына, оның құрылымына және жұмыс күшінің біліктілігіне елдің демографиялық құрамы мен басқа да талаптарына байланысты жұмыс күшінің миграциясы үлкен әсерін тигізеді. Жұмыс күшінің миграциясы әлемдік масштабта өсу сипатына ие болуда. БҰҰ-ң бағалауы бойынша әлемдік масштабта жылына 125 миллион адам мигранттарды құрайды.

Қазақстан оның миграциясы нәтижесінде өз халқын тұрақты түрде жоғалтатын елдердің қатарына жатады.

Миграция мәселесі мемлекеттің ішкі проблемасы болып қоймай, сонымен қатар халықаралық шарттарда көрініс табатын басқа елдердің де проблемасы болып келеді.

Шетелдіктердің еңбек қатынастарын реттеу мәселесі әр елде өзгеше болып келеді. Осыған байланысты белгілі бір коллизиялық қағидалар қалыптасты. Мәселен, еңбек қатынастарын реттеуге байланысты Батыс елдерінің сот тәжірибесі екі жолды қарастырады. Бірінші жолы – жария құқықты қолданады, ал екіншісі – жеке құқықты қолданумен байланысты. Жария құқықты қолдану бұл – шетелдің құқығын қолданбай, жұмыс орнының заңын қолдануды білдіреді. Ал екінші жолы еңбек қатынастарында құқықты таңдау барысында тараптардың еркіне жол береді, мәселен, шарт жасасқан жердің заңын қолдану және т.б. Көптеген елдер бірінші жолды таңдайды.

Жұмыс орналасқан елдің заңын қолдану (*lex loci iaboris*) – бұл Австрия, Албания, Венгрия, Испания, Швейцария елдерінің негізгі қағидасы болып табылады. Сонымен қатар ол Нидерланды, Бразилия елдерінің сот практикасында да қолданыс табады. Бұл қағида шарт міндеттемелеріне қатысты 1980 жылғы Еуропа конвенциясында бекітілген.

Жұмыс орналасқан жердің заңы дегеніміз – жұмысшы еңбек ететін кәсіпорынның орналасқан жері танылады. Жекелеген жағдайда *lex loci iaboris* деп, кәсіпорынның басқармасы орналасқан жер де танылады.

Кейбір жағдайда белгілі бір еңбек тапсырмаларын орындау үшін жұмысшыны басқа елге іссапарға жіберген жағдайда жұмысшыны іссапарға жіберген мекеменің орналасқан жерінің заңы қолданылады (*lex loci delegationis*).

Еңбек қатынастары саласындағы коллизиялық сілтеме нормалары көптеген заңдарда және нормаативтік актілерде көрініс табады.

Еңбек туралы ҚР кодексінде шетел азаматтарымен еңбек қатынастарын реттейтін немесе халықаралық құқық нормаларына немесе басқа елдердің заңнамаларына сілтеме жасайтын нормалар көрініс таппаған. Сонымен қатар жалдау шартымен байланысты мәселелер де толық көлемде реттелмеген.

Дегенімен, шетел жұмысшыларымен еңбек қатынастарын реттеу үшін заңның кемшілігіне қарамастан, Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша реттеледі. Кәсіпорынның әкімшілігі мен шетел жұмысшыларының арасындағы нақты еңбек қатынастарын реттейтін негізгі құқықтық актісі болып еңбек шарты табылады.

Халықаралық құқық өз тұрғысынан да еңбек қатынастарын реттейді. Жұмыс және еңбекпен қамту, сондай-ақ еңбек шарттарына (талаптарына) қатысты көпжақты Конвенциялар бар.

Бірінші топқа адамдар құқықтары саласында жалпыға танылған актілерді жатқызуға болады – бұл 19 желтоқсан 1948 жылғы адам құқықтарының декларациясы. 16 желтоқсан 1966 жылғы экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық пакт және адам құқықтары саласында басқа да актілерді жатқызуға болады.

Екінші топ Халықаралық еңбек ұйымымен қабылданған көпжақты конвенциялардан тұрады. Қазақстан Республикасы 1992 жылдан бастап осы ұйымның қатысушысы болып табылады. Бұл көпжақты халықаралық келісімдер адамның еңбек құқығын іске асыруға және қолайлы еңбек жағдайын жасаумен байланысты.

24 қараша 1977 жылғы «еңбек етуші мигранттардың құқықтық мәртебесі туралы» Еуропалық Конвенцияға сәйкес, мынадай терминдер көрініс тапқан: «еңбек етуші – мигрант» - бұл төленетін жұмысты орындау үшін басқа елдің аумағында тұруға рұқсат берілген екінші елдің азаматы. Бұл конвенция шекарада жұмыс жасайтын тұлғаларға, әртістерге, теңізшілерге, білім алуға келген тұлғаларға, маусымдық қызмет етушілерге қолданылмайды.

Еңбек етуші – мигрантты жұмысқа шақыру сол мемлекеттің ресми органы арқылы жүзеге асырылады. Жұмысқа шақырумен байланысты әкімшілік шығыстар, егер бұл шаралар ресми билік органы арқылы жүзеге асырылатын болса, еңбек етуші – мигранттарға жүктелмейді.

Еңбек етуші – мигранттарды жұмысқа шақырудан алдын олар медициналық тексеруден өту керек және кәсіби емтихан тапсыруға міндетті. Медициналық тексеру мен кәсіби емтихан еңбек етуші – мигранттың физикалық және психикалық жарамдылығын және оның техникалық дайындығын анықтауға

бағытталған, сонымен қатар оның денсаулығы халықтың денсаулығына зиян келтірмейтіндігіне сенімді болу үшін жүзеге асырылады.

Медициналық тексеру мен кәсіби емтихан тпасырумен байланысты шығындардың орнын өтеу механизмі екі жақты келісіммен реттеледі және мүмкіндігінше мұндай шығындар еңбек етуші – мигрантқа жүктемеуді қамтамасыз етеді.

Әрбір келісім берген мемлекет еңбек етуші – мигрантқа мына құқықтарға кепілдік береді:

- олар азамат болып табылатын мемлекеттің аумағынан тыс басқа мемлекетке кетуге;

- рұқсат алғаннан кейін және тиісті қажетті құжаттарды алғаннан кейін екінші елдің аумағына кіруге.

Эмиграция және иммиграция үшін еңбек етуші – мигрантқа қажет болып табылатын құжаттар мүмкіндігінше қысқартылған мерзімде тегін немесе әкімшілік шығыстардан اسپайтын мөлшерде тиісті соманы төлеумен беріледі.

Бұл жерде мына терминге назар аударған жөн: эмиграция, иммиграция және миграция.

Эмиграция – бұл белгілі бір мемлекет азаматтарының басқа елге көшіп-қонуы.

Иммиграция – бұл басқа елдің азаматтарының (азаматтығы жоқ тұлғалардың) осы мемлекетке қоныс аударып келуі.

Миграция – бұл жаппай көшіп-қону.

Әрбір келісім берген мемлекет жұмысқа ресми түрде ұжымдық жұмысқа (адамдар тобын) қабылданған жағдайда жол ақысы еңбек етуші – мигрантқа жүктелмейді. Төлем механизмі екіжақты келісімдерге сәйкес анықталады, сонымен қатар мұндай шаралар жеке тәртіпте жұмысқа қабылданған еңбек етушінің отбасына да қатысты болуы мүмкін.

Әрбір келісім берген мемлекет қабылдайтын мемлекетке келген сәтте импорт баждары мен салықтарынан босатады. Сонымен қатар еңбек етуші – мигрант оған және оның отбасына тиесілі жеке мүлікті және жылжитын меншікті, сондай-ақ өз жұмысын орындау үшін қажетті болып табылатын құрал-саймандарын екінші елдің аумағына алып келуге құқылы.

Әрбір келісім берген мемлекет өз заңнамасына сәйкес еңбек етуші – мигрантқа жұмыс істеуге рұқсат береді немесе

рұқсатнаманың мерзімін ұзартады. Бірақ бірінші рет жұмыс істеуге берілген рұқсатнама жұмысшыларды бір жерде немесе бір жұмыс берушіде бір жылдан астам істеуді міндеттей алмайды.

Ұлттық заңнама бойынша талап етілген жағдайда әрбір келісім берген мемлекет өз аумағында төленетін қызметпен айналысу үшін ықтиярхат береді. Ықтиярхат қажет болған жағдайда жұмыс аяқталғанға дейінгі мерзімге ұзартылуы мүмкін. Егер жұмыс істеуге берілген рұқсатнамада оның аяқталу мерзімі көрсетілмеген жағдайда, ықтиярхат бір жылдан аспайтын мерзімге ұзартылады. Ол тегін беріледі немесе әкімшілік шығыстарды жабатын соманың шеңберінде ақылы түрде беріледі.

Егер еңбек етуші өзінің еңбекке қабілетсіздік нәтижесінде уақытша жұмыс істемейтін болса және оның еңбекке жарамсыздығы құзыретті органдармен расталса, оған қабылдаған мемлекеттің аумағында бес айдан аспайтын мерзімге дейін қалуға рұқсат беріледі.

Мына жағдайларда ықтиярхат өз күшін жоғалтады:

- ұлттық қауіпсіздік, мемлекеттік саясат және адамгершілік себептері бойынша;
- халықтың денсаулығын сақтау мақсатында;
- еңбек етуші – мигрантпен тиісті талаптар сақталмаса.

Еңбек етуші – мигранттың жұбайына және оның асырауындағы балаларына оның жұмыс жасайтын жеріне (мемлекетке) қоныстануға құқық беріледі. Ол үшін еңбек етуші – мигрант он екі айдан аспайтын мерзімде тиісті органды алдын ала хабардар етуі керек.

Кез келген мемлекет кез келген уақытта Еуропа Кеңесінің Бас Хатшысының атына арыз беру жолымен отбасыны біріктіру мәселесін қозғауы мүмкін.

Еңбек етуші – мигрант және оның отбасы мүшелері ұлттық еңбек етушілермен қатар жалпы білім алуға және кәсіби дайындыққа (қайта дайындыққа) құқығы бар.

Егер еңбек етуші – мигрант оған байланысты емес себептер бойынша (штаттардың қысқаруы, оның ұзақ уақытқа сырқаттанып қалуы және т.б.) өз жұмысын жоғалтқан жағдайда, оны жұмысқа қабылдап алған мемлекеттің құзыретті органы осы мемлекеттің заңдары мен нормативтік актілеріне сәйкес, қайта жұмысқа орналастыруға ықпал етеді.

12 дәріс. ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР

Халықаралық жеке құқық шетел элементі бар неке мәселесін реттейді. Неке – бұл еркек пен әйелдің арасындағы белгілі бір құқықтық салдар туындататын одақ болып табылады. Барлық дерлік құқықтық жүйелер некеге тұрғанға дейін белгілі бір талаптардың сақталуын қарастырады. Мұндай талаптардың қатарына: туыстық қатынастың болмауы, үшінші тұлғалардың келісімі, неке жасына жету және т.б. жатады. Неке жарамды, жарамсыз және даулы болуы мүмкін. Неке жарамсыз деп танылады, егер ерлі-зайыптылардың біреуі басқа некеде тұрған болса. Неке даулы деп танылады, егер ол белгілі бір тұлғаның алдауы немесе қорқытуы арқылы немесе қандай да бір қателіктің арқасында жасалған болса. Әрине мұндай кезде қай елдің заңын қолдану дұрыс деген мәселе туындайды.

Халықаралық жеке құқықта бұл мәселені шешу үшін некеге тұрған жердің заңын (*lex loci celebrationis*) қолдануды мақсатқа сай деп табады. Мұндай жолдың ыңғайлығы қай елде некеге тұрғандығын оғай аңқытауында. Дегенімен оның өзіне тән кемшіліктері де бар. Некеге тұрған елде туындайтын кедергілер келесі елде (олар тұрып жатқан елде) орын таппауы мүмкін. *Lex loci celebrationis* қағидасы Аргентинада, Гватемалада, Мексикада қолданыс табады.

Екінші бір жолға сәйкес, неке талаптарын реттейтін заңдарға жеке заңдарды жатқызады, яғни бұл азаматтық алған елдің заңы, басқаша айтқанда домицилий заңы. Жеке заңды қолдану қағидасы Норвегияда, Данияда қолданылады. Азаматтық заңын қолдану қағидасы қазіргі таңда көптеген елдерде көрініс табады.

Көптеген елдердің заңы некеге тұру үшін бірқатар талаптардың сақталуын талап етеді: а) неке жасына жету; б) басқа ресми некеде тұрмауы; в) некеге тұрушылардың арасында туыстық қатынастардың болмауы; г) заңда көзделген аурулардың болмауы; д) неке жасына толмаған жағдайда, ата-аналарының, камқоршы-қорғаншыларының рұқсатының болуы.

Жоғарыда аталған талаптардың тізімі әр елде әртүрлі айқындалады. Швейцарияда неке жасы әйелдер мен еркектер үшін 18 жас, ал Францияда әйелдер үшін – 15 жас, еркектер 18 жас.

Қазақстанда неке жасы ерлер мен әйелдер үшін 18 жас. Бірақ орынды себептер болған жағдайда әйелдің жасы бір жасқа төмендетілуі мүмкін.

Бір елде жақын туыстары деп аға-інілері мен апа-сіңілдері танылса, екінші бір елде – басқа туыстары танылады. Қазақстан Республикасының заңы бойынша жақын туыстарына әке-шешесі, ата-әжесі, аға-інісі, апа-сіңілісі, қарындасы, асырап алынған аға-інісі, апа-сіңілісі, қарындасы, қамқоршы-қорғаншылары жатады. Бірқатар елдердің заңдары бойынша некеге туруы үшін тараптар өздерінің дені сау екендігін дәлелдейтін медициналық құжаттарды көрсетуге міндетті болып табылады. Қазақстан заңнамасы мұндай талаптарды көздемейді, медициналық тексеруден өту некеге тұрушылардың құқығы болып табылады.

Қазақстан азаматының шетел азаматымен некеге тұру тәртібі ҚР-ң неке және отбасы заңымен реттеледі. Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген неке басқа елде жарамсыз болып қалатындығына қарамастан Қазақстан аумағында жарамды деп танылады. Мұндай қолайсыз мән-жайлардан өзара халықаралық шарт жасасу жолымен шешімін болады.

Қазақстан азаматтық, отбасылық, қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шетел мемлекеттермен бірқатар шарттарға қол қойды.

Қазақстан заңы Қазақстанда тіркелетін консулдық некелерге тыйым салмайды. Қазақстан оның аумағынан тыс тіркелген некелерді жарамды деп таниды. Ол үшін тиісті құзыретті органдармен берілген неке куәлігін ұсыну жеткілікті болып табылады.

Мысалы, халықаралық жеке құқық кодексіне (Бустаманте кодексіне) сәйкес, некеге тұратын елдің заңына бағынуға міндетті.

Егер некеге тұру үшін қойылған талаптар сақталмаған жағдайда келісім берген мемлекеттер қайшы келетін некені танымауға құқылы. Неке ол тіркелген елдің заңы бойынша жарамды деп танылған нысанда жасалса, барлық жерде жарамды деп танылады. Бірақ діни салт-дәстүрдің жасалуын талап ететін елдер мұндай некені жарамсыз деп тануы мүмкін.

Ерлі-зайыптылардың екеуінің дипломатиялық немесе консулдық агенттерінің алдында заңмен некеге тұруға рұқсат берілген елдерде олардың жеке заңы бойынша тіркеуден өтеді.

Ерлі-зайыптылардың жеке заңы, ал егер оларда әртүрлі жеке заң болған жағдайда – ерінің жеке заңы басты рөлді атқарады. Әйелінің жеке заңы оның жеке мүлкін басқару, оған иелік етуге қатысты қолданыс табады. Ерлі-зайыптылардың бірге тұруы, бір-біріне сенімділік арттыруы, көмек көрсетуі аумақтық (олар тұрып жатқан жердің) құқықпен реттеледі.

Некені бұзу мәселесі бойынша да бірқатар халықаралық шарттар қабылданған. Некені бұзу Қазақстан Республикасының аумағында өз күшін табады.

Шетелде тұрып жатқан Қазақстан азаматтары некесін сол елдің заңына сәйкес бұзған жағдайда ҚР аумағында бұл мән-жай заңды деп табылады. Олардың еркі бойынша некені бұзу ҚР соты арқылы жүзеге асырылады.

Ерлі-зайыптылардың арасындағы мүліктік қатынстар олар тұрып жатқан елдің заңы бойынша реттеледі. Ал егер олардың арасында неке шарты жасалған болса, онда неке шартының ережелері қолданылады.

Алименттік міндеттемелер бойынша ерлі-зайыптылардың арасындағы қатынастар 1978 жылғы Конвенциямен реттеледі.

Алимент төлеу міндеті, оларды талап ету тәртібі, алиментті төлеу әдісі және алименттік құқықтарды өтеу алимент төлеушінің емес, пайдасына алимент төленетін тұлғаның жеке заңы бойынша анықталады.

Халықаралық жеке құқықтағы бала асырап алу және қорғаншылық. Бала асырап алу тәртібі әр елде әртүрлі болып келеді. Ұлыбританияда, бала асырап алу ағылшын құқығы бойынша жүзеге асырылады. Бала асырап алу баарсында құзыретті органдар ішкі заңды негізге алады. Франция, Норвегия, Швеция, Финляндия заңдары бойынша бала асырап алу мәселесі асырап алушының заңы бойынша реттеледі. Ал Қазақстан заңы бойынша бала асырап алу асырап алынушының жеке заңы бойынша реттеледі. Бала асырап алынғаннан кейін оған әкесінің заңы қолданылады.

Қазақстан Республикасының заңы бойынша шетел азаматы бала асырап алу үшін ең алдымен құзыретті органның рұқсаты керек және шетел азаматы бала асырап алу туралы өтінішті үш ай бұрын беруі қажет. Шетел азаматы асырап алатын баланы өзі таңдап көрсеткен жағдайда, ол баламен кем дегенде екі апта тығыз қарым қатынаста болуы тиіс.

Шетел азаматы бала асырап алуға ниет білдірген жағдайда Қазақстан Республикасының құзыретті органдарымен оның отбасылық, материалдық, әлеуметтік жағдайы анықталады, сонымен қатар оның айналысатын кәсібі, денсаулық жағдай да тексеріледі. Асырап алушы мен асырап алынушының арасындағы жас айырымы 16 жас болу керек.

Әкелікті тану және оны даулау туралы талап арыз баланың жеке заңы бойынша анықталады. Ана, әке болуды немесе мұндай анықтауларға тыйым салу аумақтық заңмен реттеледі.

Сонымен қатар Бустаманте кодексіне сәйкес, бала асырап алу және асырап алынушылық әрбір мүдделі тұлғаның жеке заңы бойынша анықталады.

Асырап алушының мүлкіне қатысты асырап алу салдары оның жеке заңымен реттеледі. Ал асырап алынушының тегіне, құқықтары мен міндеттеріне қатысты құқықтық салдар оның жеке заңы бойынша реттеледі.

Әрбір мүдделі тұлға өзінің жеке заңдарының ережелеріне сәйкес асырап алуды жеке заңдары бойынша даулауға құқылы.

13 дәріс. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТАҒЫ МҰРАГЕРЛІК

Қазақстанда әрекет ететін мұрагерлік құқық нормалары мұрагерлікпен байланысты барлық қатынастарды реттейді. Бірақ кейде мұрагерлік мәселесін шешу барысында шетел нормаларын қолданатын жағдайлар да кездеседі. Қазақстанда әрекет ететін заңнама бойынша мұра қалыдрушы соңғы кезде қай жерде тұрақты тұрған болса, сол мемлекеттің заңының қолданылатындығын айқындайды. Қазақстанның мұрагерлік құқық нормалары мұра қалдарушы соңғы жылдары Қазақстанның аумағында тұрған жағдайда ғана қолданылады. Егер мұра қалдырушы шетелде тұрған болса, онда шетелдің заңы қолданылады.

Қазақстанда шетел элементі бар мұрагерлік қатынастарды реттейтін нормалар әрекет етеді. Дегенімен, шетел элементі әртүрлі болып келетіндігін ескерген жөн. Мысалы, мұра қалдырушы Қазақстан Республикасының аумағында тұрып, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады, сондай-ақ осы елдің аумағында оның мұрагерлік мүлкі бар, бірақ осы республиканың аумағында мұрагер болып табылатын шетел азаматы тұрады. Бұл шетел элементі бар мән-жай болып табылғанымен, шетел заңымен реттелмейді. Мұрагер шетелде тұрақты тұрғанымен де бұл мән-жай шетел заңымен реттелмейтін еді. Ал егер мұра қалдырушы шетелде тұрақты тұрып, шетел азаматы болған жағдайда ғана шетел заңының нормалары қолданыс табар еді.

Кейбір жағдайда қазақстандық заң сілтеме жасайтын мемлекеттің заңында осындай мән-жайлар бойынша қазақстандық заңнамаға кері сілтеме жасайтын коллизиялық нормалар көрініс табады. Мәселен, мұра қалдырушы Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады, бірақ тұрғылықты жері Швеция болып табылады. Қазақстан Республикасында әрекет ететін заңнама бойынша Швецияның заңын қолдану қажет. Бірақ швед заңнамасы бойынша мұрагерлік мұра қалдырушы қай елдің азаматы болса, сол елдің заңнамасымен реттелетіндігін көрсетеді. Бұл әрекет кері сілтеме деп аталады.

АҚШ пен Ұлыбританияда жылжитын және жылжымайтын деп мүлікті бөліп қарастырады. Жылжитын мүлікті мұраға

қалдыру туралы мәселені шешу барысында, мұра қалдырушының тұрақты жері бойынша анықталады, ал жылжымайтын мүлікке қатысты – осы мүліктің орналасқан жері бойынша анықталады.

Әдетте, мұрагерлікпен байланысты коллизиялық мәселелер мемлекеттің ішкі заңын қолданумен шешіледі. Мұрагерлік құқық мәселесіне қатысты халықаралық конвенциялар тек кейбір мән-жайларға ғана қатысты болып келеді. Мұрагерлік мәселесі екі жолмен шешіледі: заң бойынша мұрагерлік және өсиет бойынша мұрагерлік деп бөлінеді.

26 қазан 1973 жылғы «Халықаралық өсиет нысаны туралы бірыңғай заңды көздейтін Конвенцияға» сәйкес, екі ел арасында мұрагерлік қатынастарды реттеу үшін, әсіресе өсиет қалдырған жағдайда, халықаралық өсиетпен байланысты әрекеттерді жүзеге асыру үшін уәкілетті тұлға тағайындалады. Сонымен қатар келісім берген мемлекет уәкілетті тұлға ретінде шетелде өздерінің азаматтарына қатысты дипломатиялық және консулдық өкілдерді тағайындауға құқылы. Халықаралық өсиетпен байланысты әрекеттерді жүзеге асыруға уәкілетті тұлғаның құзыреті, егер ол келісім берген мемлекеттің заңына сәйкес ұсынылған болса, басқа келісім берген мемлекеттердің аумағында да танылады.

Халықаралық өсиетке өсиет қалдырушы, уәкілетті тұлға және куәлар қол қойғаннан кейін заңдастырылуға жатпайды. Халықаралық өсиет уәкілетті тұлға тағайындалған заңға сәйкес реттеледі.

Өсиет оның жасалған жеріне, мүліктің орналасқан жеріне, өсиет қалдырушының азаматтығы, тұрақты немесе уақытша тұрғылықты жеріне қарамастан, егер ол халықаралық өсиет нысанына сәйкес жасалған болса, жарамды деп танылады.

Өсиет жазбаша нысанда жасалады. Өсиет кез келген тілде, қолжаба арқылы немесе басқа әдіспен жазылуы мүмкін.

Өсиет қалдырушы өсиетті екі куәнің және халықаралық өсиетпен байланысты әрекеттерді жүзеге асыруға уәкілетті тұлғаның қатысуымен жария етеді.

Егер өсиет қалдырушы өз қолын қоюға жағдайы болмаса, онда уәкілетті тұлға өсиетте оны белгілей отырып, басқа тұлғаның өсиет қалдырушының атынан қол қоюды тапсыра алады. Куәлар мен уәкілетті тұлғалар өсиет қалдырушының қатысуымен өсиетке қолдарын қояды. Өсиет бірнеше беттен тұратын болса, өсиет

қалдырушы (оның өкілі) әр бетке қол қояды, әр беті нөмірленген болу керек. Уәкілетті тұлға қол қойған мерзім өсиет күні деп танылады.

Уәкілетті тұлға заң талаптарының сақталуын дәлелдейтін нысанда өсиетке куәлікті қоса тіркейді. Куәлік келесі нысанда уәкілетті органмен жасалады:

Куәлік

1. Мен.....(толық аты-жөні, мекен-жайы, лауазымы), халықаралық өсиетпен байланысты әрекеттерді жасауға уәкілетті тұлға ретінде
2. күні.....орын.....куәландырамын
3. (өсиет қалдырушы)(толық аты-жөні, мекен-жайы, туған күні, жылы, туылған жері)
4. менің қатысуыммен және куәлардың қатысуымен
 - a) (толық аты-жөні, мекен-жайы, туған күні, жылы, туылған жері)
 - b)..... (толық аты-жөні, мекен-жайы, туған күні, жылы, туылған жері)тиісті құжат оның өсиеті болып табылатындығын және оған оның мазмұны мәлім екендігін арыздады.
5. Сонымен қатар:
 6. a) менің қатысуыммен және куәлардың қатысуымен
 - 1) өсиет қалдырушы өсиетке қол қойды және өзінің алдын ала қойған қолын растағанын
 - 2)* өсиет қалдырушының арызынан кейін өсиет қалдырушы өсиетке келесі себептер бойынша қол қоя алмайтындығын куәландырамын
.....
- мен ол туралы өсиетке белгі қойдым
- қол қойылды..... (толық аты-жөні, мекен-жайы)*
 7. b) куәлар мен мен өсиетке қол қойдық;
 8. c) өсиеттің әр бетіне қол қойылды(толық аты-жөні)* және нөмірленген;
 9. d) мен жоғарыда аталған өсиет қалдырушы мен куәлардың жек тұлғасына куәландым;
 10. e) куәлар оларға қойылған талаптарға жауап береді *
Мен әрекет ететін заңға сәйкес;
 11. f) өсиет қалдырушы оның өсиетін сақтауға қатысты келесі әрекеттерді жасауды сұрады *
.....
.....
12. орны
13. күні
14. қолы және қажет болса мөр

Уәкілетті тұлға куәліктің бір түпнұсқасын өзінде қалдырады, ал екіншісі өсиет қалдырушыға беріледі.

Сонымен қатар 9 тамыз 1994 жылғы Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасының арасында азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер жөніндегі құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Шартқа сәйкес, жылжитын мүлікке қатысты мұрагерлік құқық мұра қалдырушының соңғы тұрақты тұрғылықты жердің заңы бойынша реттеледі. Жылжымайтын мүлікке қатысты мұрагерлік құқық мүліктің орналасқан жері бойынша реттеледі. Яғни, көріп отырғанымыздай, Литва мен Қазақстан арасында мұрагерлік мәселесі мүліктің жылжитын және жылжымайтындығына байланысты бөлінеді.

Егер келісім берген тараптардың заңы бойынша мұра иесіз қалған деп танылса, онда жылжитын мүлік мұра қалдырушы азамат болып табылған мемлекетке өтеді, ал жылжымайтын мүлік орналасқан жері бойынша мемлекеттің меншігіне өтеді.

Егер жылжитын мұрагерлік мүлік немесе жылжымайтын мүлікті сатудан түскен сома шетелдегі мұрагерлерге беруге жататын болса, онда сол елдің дипломатиялық өкілдігіне немесе консулдық мекемеге беруге жатады.

Мұрагерлік мүлік мына жағдайда мұрагерлерге берілуге жатады егер:

- 1) мұра қалдырушының кредиторларының барлық талаптары толық көлемде қамтамасыз етіліп, төленген болса;
- 2) мұрамен байланысты барлық алымдар төлееніп қамтамасыз етілген болса;
- 3) құзыретті мекемелер мұрагерлік мүлікті шығаруға рұқсат берсе.

Қазақстан Республикасының аумағында мұрагерлік құқық ҚР Азаматтық кодексімен, ал қажет болған жағдайда қосымша нормативтік актілермен реттеледі. Қазақстан заңнамасы бойынша **мұрагерлік** - қайтыс болған азамат (мұра қалдырушы) мүлікінің басқа адамға (адамдарға) - мұрагерге (мұрагерлерге) ауысуы.

Қайтыс болған азаматтың мұрасы басқа адамдарға әмбебап құқық мирасқор-лығы талаптарымен, егер осы бөлімнің ережелерінен өзгеше туындамаса, бірыңғай тұтас нәрсе ретінде және бір-ақ мезгілде ауысады. Мұрагерлік Кодекспен, ал тікелей өзі белгілеген жағдайларда өзге де заң актілерімен реттеледі.

Мұрагерлік өсиет және (немесе) заң бойынша жүзеге асырылады. Өсиет қалдырылмаған не бүкіл мұраның тағдыры айқындалмаған кезде, сондай-ақ ҚРАазаматтық Кодексте белгіленген өзге де жағдайларда мұрагерлік заң бойынша орын алады.

Мұраның құрамына мұра қалдырушыға тиесілі мүлік, сондай-ақ оның қайтыс болуына байланысты қолданылуы тоқтамайтын құқықтары мен міндеттері кіреді.

2. Мұра қалдырушының жеке басына тығыз байланысты мына құқықтар мен міндеттер:

1) егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше белгіленбесе, заңды тұлғалар болып табылатын ұйымдарға мүше болу құқығы;

2) өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу құқығы;

3) алименттік міндеттемелерден туындайтын құқықтар мен міндеттер;

4) зейнетақы төлеу, жәрдемақы және еңбек пен әлеуметтік қамсыздандыру туралы заң актілерінің негізінде басқа да төлемдер төлеу құқығы;

5) мүліктік құқықтармен байланысы жоқ жеке мүліктік емес құқықтар мұраның құрамына кірмейді.

Мұра қалдырушыға тиесілі болған жеке мүліктік емес құқықтар мен басқа да материалдық емес игіліктерді мұрагерлердің жүзеге асыруы және қорғауы мүмкін. Мұра азаматтың қайтыс болуы немесе оны қайтыс болды деп жариялау салдарынан ашылады. Мұра қалдырушының қайтыс болған күні, ал оны қайтыс болған деп жариялаған кезде, егер сот шешімінде басқа күн көрсетілмесе, азаматты қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі күшіне енген күн мұраның ашылу уақыты болып табылады.

Егер бірінен кейін бірі мұрагер болуға құқылы адамдар бір күнде қайтыс болса олар бір мезгілде қайтыс болған деп танылады және олардың әрқайсысынан кейін мұрагерлік ашылады да олардың әрқайсысының мұрагерлері мұрагерлікке шақырылады. Мұра қалдырушының соңғы тұрған жері, ал егер ол белгісіз болса - мүліктің немесе оның негізгі белігінің орналасқан жері мұраның ашылу орны болып табылады.

Мұра ашылған кезде тірі жүрген, сондай-ақ мұра қалдырушының тірі кезінде іште қалған және мұра ашылғаннан

кейін тірі туған азаматтар өсиет және заң бойынша мұрагер бола алады. Мұра ашылғанға дейін құрылған және мұраның ашылу уақытында болған заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекет өсиет бойынша мұрагерлер болуы мүмкін.

Азаматтың ол қайтыс болған жағдайда өзіне тиесілі мүлікке билік ету жөнінде өз ықтиярын білдіруі өсиет болып танылады. Азамат өзінің барлық мүлкін немесе оның бір бөлігін заң бойынша мұрагерлер тобына кіретін де, кірмейтін де бір не бірнеше адамға, сондай-ақ заңды тұлғаларға және мемлекетке өсиет етіп қалдыра алады. Өсиет оның жасалған жері мен уақыты керсетіле отырып, жазбаша нысанда жасалып, нотариатта куәландырылуға тиіс.

Мыналар:

- 1) нотариатта куәландырылған өсиеттер;
- 2) нотариатта куәландырылғандарға теңестірілетін өсиеттер тиісінше ресімделген болып танылады.

Өсиетке өсиет қалдырушының өзі қол қоюы қажет. Егер өсиет қалдырушы дене кемістіктеріне, науқастығына немесе сауатсыздығына байланысты өсиетке өзі қол қоя алмаса, оның өтініші бойынша оған нотариустың немесе өсиетті куәландырушы басқа адамның қатысуымен өсиет қалдырушының өсиетке өзі қол қоя алмауының себебін көрсете отырып, басқа азаматтың қол қоюы мүмкін. Бірақ мына жағдайларда:

- 1) нотариус немесе өсиетті куәландыратын өзге адам;
- 2) пайдасына өсиет жазылған немесе өсиет қалдырудан бас тартылған адам, оның зайыбы, оның балалары, ата-аналары, немерелері мен шөберелері, сондай-ақ өсиет қалдырушының заң бойынша мұрагерлері;
- 3) толық әрекетке қабілеттілігін иеленбейтін азаматтар;
- 4) сауатсыз және өсиетті оқуға қабілетсіз басқа да адамдар;
- 5) жалған жауап бергені үшін соттылығы бар адамдар куә бола алмайды, сондай-ақ өсиет қалдырушының орнына өсиетке қол қоя алмайды.

Нотариатта куәландырылған өсиетті өсиет қалдырушы жазуы керек не өсиет қалдырушының айтуымен куәның қатысуы арқылы нотариус жазуға тиіс. Өсиет қалдырушының айтуымен өсиет жазылған кезде нотариус жалпы жұрт қабылдаған техникалық құралдарды (жазу машинкасы, дербес компьютер және т.б.) пайдалануы мүмкін. Өсиет қалдырушының айтуы

бойынша нотариус жазған өсиетті өсиетке қол қойылғанға дейін нотариус пен куәның қатысуы арқылы өсиет қалдырушы толық оқып шығуға тиіс. Егер өсиет қалдырушы дене кемістіктеріне, науқастығына немесе сауатсыздығына байланысты өсиетті өзі оқи алмайтын болса, ол үшін оның мәтінін нотариустың қатысуымен куә оқып береді, ол туралы өсиет қалдырушының өсиетті өзі оқи алмауының себептері көрсетіліп, өсиетте тиісті жазба жасалады. Егер нотариат куәландырған өсиет куәның қатысуымен жасалса, өсиетте куәның тегі, аты және тұрақты тұратын жері көрсетілуге тиіс. Осындай мәліметтер өсиетке өсиет қалдырушының орнына қол қойған адамға қатысты да енгізілуі тиіс. Өсиет қалдырушының тілегі бойынша нотариус өсиеттің мазмұнымен таныспай-ақ оны куәландырады (құпия өсиет).

Нотариатта куәландырылғандарға теңестірілетін өсиеттер

1) ауруханаларда, санаторийлерде, өзге де емдеу-алдын алу мекемелерінде емделіп жатқан, сондай-ақ қарттар мен мүгедектерге арналған үйлерде тұратын азаматтардың осы ауруханалардың, санаторийлердің, өзге де емдеу алдын алу мекемелерінің бас дәрігерлері және кезекші дәрігерлері, сондай-ақ қарттар мен мүгедектерге арналған үйлердің директорлары, бас дәрігерлері куәландырған өсиеттері;

2) госпитальдарда, санаторийлерде және басқа да әскери-емдеу мекемелерінде, емделіп жатқан әскери қызметшілер мен басқа адамдардың осы госпитальдардың, санаторийлердің және басқа да әскери-емдеу мекемелерінің бастықтары, олардың медицина бөлімі жөніндегі орынбасарлары, аға және кезекші дәрігерлері куәландырған өсиеттері;

3) жүзу кезінде Қазақстан Республикасының жалауымен теңіз кемелерінде немесе ішкі жүзу кемелерінде жүрген азаматтардың осы кемелердің капитандары куәландырған өсиеттері;

4) барлау және басқа да экспедицияда жүргөн азаматтардың осы экспедициялардың бастықтары куәландырған өсиеттері;

5) нотариустары және нотариат әрекеттерін жасауға уәкілдік берілген лауазымды адамдары жоқ әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің, әскери-оқу орындарының орналасқан мекендеріндегі әскери қызметшілердің өсиеттері, сондай-ақ

осы бөлімдерде жұмыс істейтін жай адамдардың, олардың отбасы мүшелерінің және әскери қызметшілердің отбасы мүшелерінің де әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелер мен оқу орындарының командирлері (бастықтары) куәландырған өсиеттері;

б) бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың бас бостандығынан айыру орындарының бастықтары куәландырған өсиеттері теңестіріледі.

Өсиет қалдырушы өзі жасаған өсиеттің кез келген уақытта күшін жоюға немесе оны өзгертуге құқылы. Өсиеттің күші нотариат кеңсесіне бұрын өзі жасаған өсиеттің толық күшін жою туралы өтініш беру; жаңа өсиет жасау жолымен жойылуы мүмкін.

Өсиет қалдырушы өсиет бойынша мұрагерге мұра есебінен өсиеттік бас тартуды орындауды талап ету құқығын алатын бір немесе бірнеше адамның (бас тартылушылардың) пайдасына қандай да болсын міндеттемені (өсиеттік бас тарту) орындауды жүктеуге құқылы. Заң бойынша мұрагерлер қатарына кіретін адамдар да, кірмейтін адамдар да бастартылушылар (легатарийлер) болуы мүмкін. Өсиеттік бас тартудың нысанасы мұраның, иеленудің құрамына кіретін заттарды бас тартылушының меншігіне, пайдалануына немесе өзге заттық құқықта беру және оған мұра құрамына кірмейтін мүлікті беру, ол үшін белгілі бір жұмысты орындау, оған белгілі қызмет көрсету және т.б. болуы мүмкін.

Өсиет қалдырушы өсиеттік бас тартуды жүктеген мұрагер, оны тек оған ауысқан мұраның шын мәніндегі құны шегінде және мұра қалдырушы қарыздарының өзіне артылған бөліктерін шығарып тастап орындауға тиіс. Егер өсиеттік бас тарту жүктелген мұрагердің мұрадағы міндетті үлеске құқығы болса, оның бас тартуды орындау міндеті өзіне ауысқан мұраның оның міндетті үлесінің құнынан асатын құнымен шектеледі.

Занды мұрагерлік. Заң бойынша мұрагерлік кезінде, бір жағынан, асырап алынған және оның ұрпақтары және екінші жағынан, асырап алушы мен оның туыстары қандас туыстарға теңестіріледі. Асырап алынғандар мен олардың ұрпақтары асырап алынушының туған ата-анасы, оның басқа да қандас туыстары қайтыс болғаннан кейін заң бойынша мұрагер болмайды. Асырап алынушылардың ата-анасы мен оның басқа да қандас туыстары асырап алынушы және оның ұрпақтары қайтыс болғаннан кейін заң бойынша мұрагер болмайды.

Мұра қалдырушы қайтыс болғанға дейін кемінде бір жыл оның асырауында болған және онымен бірге тұрған еңбекке жарамсыз адамдар заң бойынша мұрагерлер қатарына жатады. Басқа да заң бойынша мұрагерлер болған кезде олар мұрагер болуға шақырылатын кезектегі мұрагерлермен бірге мұра алады.

Егер мұра қалдырушымен бірге тұрған-тұрмағандығына қарамастан, мұра қалдырушы қайтыс болғанға дейін кем дегенде бір жыл оның асырауында болса, ҚР Азаматтық Кодекстің 1061-1066-баптарында аталған заң бойынша мұрагерлердің қатарына жататын, бірақ мұрагерлікке шақырылатын кезектегі мұрагерлердің тобына кірмейтін еңбекке жарамсыз адамдар, осы кезектегі мұрагерлермен бірге мұра алады.

Егер мұрагер кейін мұрадан бастартпаса, мұрагерлік құқығынан айырылмаса және оны мұрагер етіп тағайындау туралы өсиеттік өкімді жарамсыз деп танудың салдарынан мұрагерлік құқығын жоғалтпаса, ол мұра ашылған уақыттан бастап езіне тиесілі мұраға немесе оның бір бөлігіне (үлесіне) құқық алады.

Мұра ашылған жер бойынша нотариус мұрагердің өтінішімен оған мұрагерлікке құқық туралы куәлік беруге міндетті. Мұрагерлікке құқық туралы куәлік мұра ашылған күннен бастап алты ай өткеннен кейін беріледі. Өсиет бойынша да, заң бойынша да мұрагерлік кезінде, егер нотариуста куәлік берілуін сұраған адамдардан басқа тиісті мүлікке не бүкіл мұраға қатысты басқа мұрагерлер туралы анық деректер болмаса, куәлік аталған мерзім өткенге дейін де берілуі мүмкін.

Иесіз қалған мұра. Егер өсиет бойынша да заң бойынша да мұрагерлер болмаса не мұрагерлердің ешқайсысының мұра алуға құқығы болмаса, не олардың бәрі мұрадан бастартса, мұра иесіз қалған деп танылады. Иесіз қалған мұра мұраның ашылған жері бойынша коммуналдық меншікке ауысады. Коммуналдық меншікке түскен иесіз қалған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды коммуналдық меншікті басқаруға уәкілетті орган жүзеге асырады. Коммуналдық меншікке түскен иесіз қалған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Мұра ашылған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін мұра ашылған жер бойынша қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі

апаратының арызы негізінде сот мұраны иесіз қалған деп таниды. Егер мұраны қорғауға және оны басқаруға байланысты шығындар оның құнынан асып түссе, мұра аталған мерзім өткенге дейін иесіз қалған деп танылуы мүмкін.

14 дәріс. ШЕТЕЛ ЭЛЕМЕНТІ БАР АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ СОТТЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Халықаралық жеке құқықта халықаралық соттылық туралы мәселе халықаралық азаматтық-құқықтық айналымда көрініс табатын қатынастар шегінде қаралады. Әр елде бір категориядағы істер әртүрлі органдарда қаралады: сот, әкімшілік және т.б. органдар. Басқаша айтқанда, ведомстволық бағыныстылық әртүрлі болуы мүмкін.

Халықаралық соттылықты анықтау негізі болып табылатын қағидаларды қарастырайық.

Бірінші қағида – тараптардың азаматтылығы бойынша шетел элементі бар істер бойынша соттылық қағидасы.

Екінші қағида – соттылықты жауапкердің тұрғылықты жері бойынша анықтау қағидасы.

Үшінші қағида – даулы мүліктің, заттың орналасқан жері бойынша соттылықты анықтау қағидасы.

Халықаралық жеке құқық қағидасы соттылықты екіге бөліп қарастырады: баламалы және ерекше. Ерекше соттылық – бұл шетел элементі бар істерді мемлекет тек өзінің сот органдары арқылы шешуі. Ал баламалы соттылық бұл – шетел элементі бар істерді тек өз елінің соттарымен ғана емес, сонымен қатар басқа мемлекеттердің соттарының шешуіне рұқсат береді. Дегенімен, халықаралық шарттармен соттылықтың кез келген түрлеріне қол жеткізуге болады. Жергілікті соттың қарауынан шетел элементі бар істерді шектеу **дерогация** деп аталады. Ал соттылықтың түрін анықтауға байланысты мемлекеттер арасында жасасқан шарттар **пророгациялық шарттар** деп аталады. Мұндай шарттардың қабылдануы тек соттылықтың түрін өзгертеді, бірақ олар соттылықтың ішкі мәселесін өзгерте алмайды. Егер белгілі бір мемлекетте шетел элементі бар іс қаралып жатса, оны апелляциялық, қадағалау және өзге сот инстанцияларында қаралуын шарт арқылы талап етуге болмайды. Мұндай жағдайда ішкі заңның басымдылығын көруге болады.

Батыс елдерінің заң ғылымдарында соттылықты анықтау барысында құқықтық жүйенің үш түрі қарастырылған. Бірінші жүйеге германдық жүйені жатқызуға болады. Бұл жүйе Еуропаның бірқатар елдеріне, сондай-ақ Жапонияға өз ықпалын тигізді.

Германдық жүйе халықаралық соттылықты жауапкердің тұрғылықты жері бойынша анықтайды. Екінші жүйеге латындық жүйені жатқызуға болады. Бұл жүйе бойынша жауапкердің белгілі бір мемлекеттің азаматы болу қағидасымен анықтайды. Үшінші жүйе англо-американдық құқық жүйесін жатқызуға болады.

Ұлыбритания соты жауапкердің тұрғылықты жеріне, азаматтығына қарамайды, бұл елдің соты шетел элементі бар істерді жауапкерге сотқа келу хабарламасын табыс етсе, мұндай істі қарауға құзыретті деп санайды.

АҚШ-та соттардың бірыңғай федералды жүйесі және төрт федералдық аумағының, Колумбия округінің, 50 штаттың әрқайсысының дербес сот жүйесі қызмет етеді. Соттардың федералды жүйесіне АҚШ-тың Жоғарғы Соты, апелляциялық және округтік соттар, сондай-ақ арнайы соттар жатады. Федералды соттардың бүкіл жүйесін АҚШ Жоғарғы Соты басқарады. Аудандық (округтік) соттар азаматтық істерді бірінші саты бойынша қарайды. Штаттардың көпшілігінің сот жүйесі төмендегідей құрылған:

а) бітістіруші немесе полицейлік судья немесе магистрат соты;

б) округтік (апелляциялық) сот;

в) штаттың Жоғарғы (апелляциялық) Соты. Штаттарда сонымен қатар арнайы соттар да жұмыс істейді. Федералды соттар тараптардың бірі штат болып табылатын немесе тараптар түрлі штаттарда орналасқан азаматтық істерді қарайды.

АҚШ-тың Заңдар жинағына сәйкес, «сот төрелігінің мүддесіне тараптар мен куәлерге қолайлы болу үшін округтік сот кез келген азаматтық істі (талапты) ұсынылуы мүмкін кез келген өзге округке немесе бөлімшеге бере алады» дегенді жария етті.

Шотландияда жасалған «*Forum non conveniense*» доктринасы АҚШ-пен қатар Англияда да танылған. «*Forum non conveniense*» доктринасын былай түсіндіруге болады: егер ағылшын немесе АҚШ сотына талап берілген болса, істі объективті шешу және жауапкердің мүддесін ескере отырып, аталған соттар «бір көргеннен» (*prima facie*) жауапкердің арызының, «*Forum non conveniense*» доктринасының негізінде жауапкерге аталған талапты қарау үшін неғұрлым қолайлы болып табылатын өзге неғұрлым құзыретті сотты, яғни барлық

тараптардың мүдделерін ескере отырып істі тиісті дәрежеде қарай алатын және жауапкердің пікірі бойынша сот төрелігіне қол жеткізілетін сотты іздеу үшін кейінге шегереді.

АҚШ штаттарының ешбір соты жауапкерлерге, егер олардың әрқайсысын жауапқа тартуға төмендегі үш факторлардың жиынтығы болмаса, белгілі бір юрисдикцияны ұсына алмайды:

1. Жауапкерлер штаттың шегінде қандай да бір мәмілені жүргізуі немесе қандай да бір іс-әрекетті орындауы және олардың әрқайсысы штаттың қорғауын және көмегін әдейі пайдалануы;

2. Жауапкерге қойылатын талаптардың сотпен байланысты осы іс-әрекеттерден туындауы;

3. Юрисдикцияны қолданудың дұрыс болуы.

Егер сот нақты іс бойынша «жеке соттылық» (тұлғаға қатысты соттың юрисдикциясы) бар деп шешсе, сот істі қарау орнының (сот округі) тиістілігін анықтауы тиіс. Егер сот істі қарау орны қолайлы емес деп тапса, іс басқа сотқа беріледі немесе істі қараудан бас тартылады. Істі қарау орны мәлімделген әрбір талапқа қатысты тиісті болуы қажет.

Тараптар арасында қолданылатын құқық жөнінде келісім болмаса шарттардан туындайтын тараптардың қатынастары жауапкердің тұрғылықты жері немесе негізгі қызмет орны құрылған және орналасқан мемлекет заңымен реттеледі.

«Forum non conveniens» доктринасын қолданған жағдайда кейінге шегеруді беру қажет екендігін дәлелдеу ауыртпалығы жауапкерге тиесілі. Мұны жауапкер талап қоюшының талап арызына жауабында немесе талап қоюшыны мұндай өтініш туралы міндетті түрде хабарлай отырып сот отырысында істі алдын ала қарау сатысында жеке арызда көрсетуі тиіс. «Forum non conveniens» доктринасы егер ол оған аса қолайсыз юрисдикцияда жауаптылыққа тартылатын болса, бірақ сотқа өзге ұлттық (шетелдік) сот юрисдикциясына беру жолымен емес, бір ұлттық сот жүйесінің шегінде істеу қажет болса, жауапкердің мүдделерін соттық қорғау құралы ретінде қаралады. Азаматтық іс жүргізу құқығының ұлттық жүйесі азаматтық сот өндірісінің халықаралық және ұлттық стандарттарын сақтау кезінде шетелдік заңды және жеке тұлғалардың бұзылған құқығын қалпына келтіру жөніндегі соттық қорғау құқығын бекітеді.

Англияның сот құрылысы әрдайым күрделілігімен ерекшеленді. Бұл ортағасырлық институттардың сақталуымен, сот құрылысы және сот өндірісі туралы бірыңғай заңның болмауымен, сот өндірісі нысанының күрделілігімен, түрлі сот органдарының құзыретінің нақты ажыратылмағандығымен, т.б. себептермен түсіндіріледі. Ағылшын сот жүйесінің реформасы 1972 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енгізілген 1971 жылғы Соттар туралы Заңмен жүргізілді. 1925 жылғы Жоғарғы сот туралы Заңға 1970 жылғы Сот төрелігін жүргізу туралы Заңмен елеулі өзгерістер енгізілді.

Англия сот жүйесінің төменгі звеносы магистрат соты кішігірім азаматтық істерді жеке дара сот құрамында бірінші саты соты ретінде қарайды. Келесі звено — округтік соттар магистрат сотының соттылығына жатпайтын азаматтық істерді қарайды. Англияның Жоғарғы Сотының құрамына енетін Үлкен сот граф соттарының соттылығынан асатын азаматтық істер бойынша бірінші саты соты болып табылады. Ол өз кезегінде мынадай үш бөлімге бөлінеді:

1. Король тағының бөлімі. Ол Үлкен соттың соттылығына жатқызылған кез келген азаматтық істі қарауға құқылы. Бұл бөлімнің құрамында теңіз істері жөніндегі сот және коммерциялық сот жұмыс істейді. Теңіз істері жөніндегі сот кемеге меншік құқығы жөніндегі, кемеге немесе кемемен келтірілген залады өтеттіріп алу, ағылшын суларында немесе ашық теңізде адамдарды құтқарғаны үшін сыйақы алу жөніндегі істерді, ал коммерциялық сот комиссариаттар арасындағы сауда қатынастарынан пайда болатын дауларды қарайды. Король тағының бөлімі жалпы құқық, сауда құқығымен реттелетін істерді бірінші саты соты ретінде қарайды.

2. Үлкен соттың кеңсе бөлімі. Ол компаниялардың және серіктестіктердің қызметімен және таратылуымен байланысты, банкроттықпен, мүлік кепілімен, жерге меншікпен, мұрагерлік мүлікті басқарумен, салық жинаумен байланысты азаматтық істерді, сондай-ақ өсиетнамаға қатысты дауларды, т.б. қарайды. Бұл бөлімнің судьялары істердің белгілі бір санаттарын қарау бойынша мамандандырылады, мысалы, компания істері, дәріменсіздік жөніндегі істер бойынша және т.б. Үлкен соттың кеңсе бөлімінің соттылығына жалпы құқықпен реттелмейтін істер (авторлық, шығармашылық құқық жөніндегі істер) жатады.

3. Отбасы істері жөніндегі бөлім. Бұл бөлім отбасы қатынастарынан пайда болатын мынадай істерді қарайды: ерлі-зайыптылардың біреуінің өлімінің презумпциясын белгілеу және осыған байланысты некені жарамсыз деп тану туралы, бала асырап алу, кәмелетке толған адамға қорғаншылық тағайындау (егер бұл іс Канцелярия бөлімінің қарауына жатқызылмаған болса), кәмелетке толмаған тұлғаны некеге тұруына рұқсат алу жөніндегі, некенің заңды күшін анықтау туралы.

Үлкен соттың аталған барлық үш бөлімшесі неғұрлым күрделі азаматтық істерді қарайды, бірақ олардың арасында құзырет нақты ажыратылмаған. Англияның азаматтық істер бойынша төменгі сатылы соттарының бірі -графство соты. Олардың соттылығына 100 ф.ст. дейінгі сомадағы талаптар жатады. Аталған соттардан басқа Англияда көптеген мамандандырылған соттар: әскери соттар (теңіз, армия және әуе күштерінің соты), шіркеу соттары, өндірістік, жер, көлік, пәтер ақысы жөніндегі және т.б. соттар құрылған.

Францияның сот жүйесі көп сатылы, және оны екі тармаққа - сот жүйесі мен әкімшілік соттардың жүйесіне бөлуге болады. Сонымен қатар мұнда мамандандырылған соттар да қызмет етеді. Жалпы юрисдикция соттарының жүйесінде төменгі сатыны кіші саты трибуналдары құрайды. Кіші саты трибуналдары талап құны 20 мың франктен аспайтын барлық азаматтық істерді қарайды. Жоғарғы саты трибуналы азаматтыққа қатысты дауларды, некеден ажырасу, меншік жөніндегі талаптардан туындайтын азаматтық істерді қарайды.

Паритеттік негізде жалданбалы жұмысшылардың өкілдері мен кәсіпкерлерден тұратын Кеңестер еңбек келісім-шарттарына қатысты істерді қарайды. Сонымен қатар, жалға беруші мен жалға алушы арасында дауларды қарайтын және паритеттік негізде құрылатын жалға беру істері жөнінде 409 сот жұмыс істейді.

Герман Федеративтік Республикасының сот жүйесін ұйымдастыру екі фактормен:

- 1) мемлекеттің федеративтік құрылысымен
- 2) жалпы юрисдикция және арнайы юрисдикция соттарының болуымен анықталады.

Жалпы соттар жүйесі жерлерде қызмет ететін учаскелік соттар, жер соттары, жоғары жер соттары және федерация

деңгейінде қызмет ететін Федералды сот палатасы, яғни төрт сатыдан тұрады. Азаматтық істерді жалпы құзыреттегі соттар қарайды.

Арнайы сот жүйесі үш деңгейдегі соттардан: еңбек істері жөніндегі сот, еңбек істері жөніндегі жер соты, еңбек істері жөніндегі Федералдық соттан тұрады. Еңбек істері жөніндегі соттардың соттылығына жұмыс берушілер одағы мен кәсіподақтар арасындағы, жекелеген кәсіпкерлер мен жалданбалы еңбек жұмысшылары арасындағы даулар жатады. Әкімшілік соттар конституциялық - құқықтықтан басқа, жария - құқықтық сипаттағы барлық даулар, солардың ішінде азаматтардың түрлі мемлекеттік органдарға талаптары, мемлекеттік қызметкерлердің құқықтары туралы даулар, сондай-ақ кейбір әкімшілік бірліктер (мысалы, қала мен қауым) арасындағы даулар; көпшілік шерулерге тиым салумен, қоршаған ортаны қорғаумен, саяси баспана берумен, т.б. байланысты дауларды қарайды. Әлеуметтік істер жөніндегі соттар азаматтардың әлеуметтік сақтандыру, балаларға жәрдемақы төлеу жөніндегі сұрақтар бойынша мемлекеттік мекемелерге қойылған талаптарды қарап шешеді. Аталған соттардың барлығы да азаматтық істерді бірінші саты соты ретінде қарайды.

Батыс Еуропаның барлық мемлекеттерінде және Шығыс Еуропаның кейбір мемлекеттерде юрисдикциялық қарама-қайшылықтарды шешу қажеттілігі азаматтық істердің соттылығындағы даулы сұрақтарды реттейтін жалпы еуропалық коллизиялық құқықты құруға әкеліп соқты. Коллизиялық құқықтың негізін мынадай екі халықаралық конвенция құрайды: Брюссельде 1968 жылы 27 қыркүйекте жасасқан Азаматтық және коммерциялық істер бойынша сот шешімдерін мәжбүрлеп атқару және юрисдикция мәселелері жөніндегі Конвенция (Брюссель конвенциясы), Луганода 1988 жылы 16 қыркүйекте жасасқан Азаматтық және коммерциялық істер бойынша сот шешімдерін атқару және юрисдикция жөніндегі Конвенция (Лугано конвенциясы).

Халықаралық сипаттағы азаматтық істердің соттылығына қатысты аталған екі конвенциядағы ережелер бір біріне ұқсас. Лугано конвенциясы Брюссель конвенциясының I, II тарауларының ережелерін толығымен көшірген, тіпті баптарының номерлері

де бірдей, сондықтан да біз оларды конвенция деп ортақ атайтын боламыз.

«Соттылық» термині аталған конвенцияларда конвенцияға қатысушы-мемлекеттердің тиісті соттары арасында құзыретті ажырату деп түсініледі. Конвенцияның 1-бабында баяндалғандай, конвенцияның ережелері азаматтық, оның ішінде коммерциялық істерге қолданылады. Конвенция салық, кеден және өзге әкімшілік істерге, сондай-ақ банкроттық істеріне, неке-отбасы қатынастарынан туындайтын меншік құқығы дауларына, мұрагерлікпен байланысты дауларға, қоғамдық қауіпсіздік және аралық сот өндірісіне қатысты істерге қолданылмайды.

Конвенцияларда тұрғылықты (орналасқан) жер ұғымына анықтама берілмеген. Конвенцияның 52-бабына сәйкес жеке тұлға - жауапкер конвенцияға қатысушы - мемлекетте тұрақты тұрғылықты жері бар екендігін анықтау үшін істі қараушы сот сол мемлекеттің ішкі құқығын қолданады. Егер жауапкер конвенцияға қатысушы - мемлекетте тұрмайтын болса, әрбір мемлекет соттарының соттылығы олардың ішкі коллизиялық құқығының негізінде анықталады (Конвенцияның 4-бабының 1-6.).

Конвенцияда сонымен қатар, баламалы (special) және ерекше (exclusive) соттылықтың ережелері бар. Баламалы соттылықтың келесідей түрлерін бөліп көрсетуге болады:

1) талап даудың пәні болатын шартты міндеттемені орындау орны бойынша сотқа қойылуы мүмкін.

2) алимент өндіріп алу жөніндегі талаптар жауапкер тұрақты тұратын елдің сотына беріледі. Егер мұндай талап жауапкердің азаматтық жағдайына қатысты талаптың құрамдас бөлігі болса, онда барлық іс егер тек бұл юрисдикция тараптардың біреуінің азаматтығына ерекше негізделмесе, осындай істерді қарауға өзінің заңдарына сәйкес құқылы сотқа ведомстволық бағынысты.

3) зиян келтірудің салдарынан пайда болған міндеттемелерден талаптар зиян келтірген оқиға болған мемлекет сотының соттылығына жатады.

4) қылмыстық-жазаланатын әрекетке негізделген заңсыз алынған кірісті қайтару туралы немесе залалды өтеттіріп алу жөніндегі талаптар аталған қылмыстық істі қарап жатқан және өз мемлекетінің заңына сәйкес мұндай азаматтық істерді шешуге құзыретті соттың соттылығына қарайды.

5) филиал, өкілділік немесе заңды тұлғаның оқшауланған өзге бөлімшесінің қызметімен байланысты пайда болатын даулардан талаптар осындай оқшауланған бөлімшелердің орналасқан жеріндегі сотқа беріледі.

6) траст қатынастарынан туындайтын сенімді басқарудың (траст келісімі) құрылтайшысына, сенімді басқарушыға немесе пайда алушыға талаптар сенімгерлікпен басқаруға берілген мүлік орналасқан соттың соттылығына қарайды.

7) жүкті құтқарғаны үшін сыйақы жөніндегі (біреудің мүддесіне тапсырмасыз іс-әрекет) талаптар осындай сыйақыны төлеуді қамтамасыз ету мақсатында мұндай жүк қамауға алынған бұйрықты шығарған немесе оған қатысты қамтамасыз етудің өзге шаралары қабылданған елдің сотына беріледі.

Бұл ереже егер талап қоюшы жауапкердің осы жүкке қатысты қандай да бір мүддесі бар екендігін немесе оны құтқару кезінде болғандығын дәлелдеген жағдайда қолданылады.

8) бірнеше жауапкерлерге талап олардың кем дегенде біреуі тұрақты тұратын елдің сотына беріледі.

9) бастапқы талаптың фактілеріне негізделетін және сол қатынастардан туындайтын қарсы талап бастапқы талапты қарап жатқан соттың соттылығына жатады.

10) жылжымайтын мүліктің сұрақтарына қатысты сол бір жауапкерге өзге талаптармен қойылған талап арызды біріктіруге негіз болса, онда олар осы мүлік орналасқан мемлекеттің сотында қарала алады.

11) сақтандыру шарттарынан талаптар 6-баптың 3-бөлігінің ережелерімен қаралатын қарсы талаптарды қоспағанда, сақтандыру полисін ұстаушының тұрақты тұру орны немесе сақтандырушының орналасқан жері бойынша қойылуы мүмкін. Егер сақтандырушының конвенцияның қатысушы-мемлекеттің аумағында тұрақты орналасу жері болмаса, бірақ дау осы елдердің қайсы бірінде орналасқан оның филиалының немесе өзге тұрақты өкілдігінің қызметінен туындаса, онда мұндай жағдайда ол осы елде тұрақты орналасу орны бар деп есептеледі (8-6.). Жылжымайтын мүлікті сақтандыру шартынан талаптар осындай мүлікке зиян келтіру орны бойынша сотқа беріледі.

12) тұтынушы болып табылатын тұлғалардың талаптары олардың тұрақты тұрғылықты жері бойынша қойыла алады. Егер

тұтынушының контрагентінің конвенцияның мемлекет-қатысушыларының аумағында тұрақты орналасу жері болмаса, бірақ дау осы мемлекеттердің біреуінде орналасқан оның филиалының немесе өзге тұрақты өкілдігінің қызметінен туындаса, онда мұндай жағдайда ол осы мемлекетте тұрақты орналасу жері бар деп есептеледі.

Конвенциямен белгіленген ерекше соттылықтың ережелері мынадай:

1) жылжымайтын мүлікке құқықтар жөніндегі, соның ішінде жалдау шартынан туындайтын талаптар осындай мүлік орналасқан жердегі соттың ерекше соттылығына жатады. Жеке пайдалану үшін 6 айдан артық емес уақытқа тұрғын жайды жалға алу шартынан талаптар жылжымайтын мүліктің меншік иесі және жалға беруші жеке тұлға болса және бір мемлекетте тұрған жағдайда жауапкердің тұрғылықты жері орналасқан елдің соттарымен қарала алады.

2) мекемелерді және заңды (жеке) тұлғаларды тіркеуді жарамсыз деп тану, оларды тарату, сондай-ақ олардың органдарының шешімдері мен өзге актілерін заңсыз деп тану туралы талаптар осындай заңды тұлғалардың тұрақты орналасу орны бойынша қарауға жатады.

3) ресми реестрлерде жазбаларды жарамсыз деп тану туралы талаптар осы құжаттардың орналасу орны бойынша соттардың соттылығына жатады.

4) өнеркәсіп үлгілерін, сауда маркілерін, патенттерді және интеллектуалдық меншіктің өзге объектілерін тіркеуге қатысты, сондай-ақ олардың жарамдылығына қатысты даулар тұлға осындай тіркеу үшін құзыретті органына жолданған немесе ол жүргізілген конвенцияға қатысушы-мемлекеттің соттарында қарауға жатады.

5) сот шешімдерін атқару сұрақтарына қатысты істер осындай шешімдердің орындалу орнындағы соттардың қарауына жатады.

2000 жылғы 22 желтоқсандағы Ереже осы сұрақ бойынша мынадай нормамен толықты: тараптар арасында қарым-қатынастың электрондық әдістері арқылы жасасқан кез-келген келісімдер, егер осындай келісімдердің мазмұнымен танысу мүмкіндігі болса, жазбаша нысанда жасасқан деп есептелуі тиіс (Ереженің 23-бабының 2-тармағы).

Брюссель конвенциясының 28-бабына сәйкес онымен белгіленген ерекше соттылықтың, сақтандыру қатынастарынан талаптардың соттылығы және тұтынушылардың қатысуымен істердің соттылығы ережелерін сақтамау мұндай бұзушылықпен шығарылған шешімдерді мойындамауға және оларды нақты орындаудың мүмкін еместігіне әкеліп соғады.

Брюссель конвенциясына қатысушы мемлекеттер мыналар: Бельгия, Дания, ГФР, Греция, Испания, Франция, Ирландия, Италия, Люксембург, Нидерланды, Португалия, Ұлыбритания, Австрия, Финляндия, Швеция. Осы мемлекеттермен қатар Норвегия, Исландия, Швейцария, Польша Лугано конвенциясының қатысушылары болып табылады. 1968 жылы Брюссель конвенциясын және 1988 жылы Лугано конвенциясын қабылдау, олардың негізінде 2000 ж. 22 желтоқсанда № 44/2001 Еуропалық Одақ Ережесін жасау және бекіту халықаралық сипаттағы азаматтық істердің соттылығы саласында барлық Батыс Еуропа елдерінің құқықтық нормаларын бірыңғайлауға мүмкіндік жасады, еуропалық экономикалық айналым саласында мемлекет аралық құқықтық байланыс механизмін құрды, сотта қорғану құқығын іске асыруды жеңілдетті, солар арқылы жалпы еуропалық интеграцияның мақсаттарына қол жетуге жағдай жасады.

Еуропалық одақта қолданылатын азаматтық юрисдикция саласындағы халықаралық іс жүргізушілік - құқықтық нормалардың көпшілік бөлігі азаматтық және сауда құқықтық қатынастарынан туындайтын дауларды құқықтық реттеуге арналады.

Брюссель конвенциясымен бекітілген арнайы юрисдикцияның негізгі ережесі мынаны білдіреді: егер жауапкер Брюссель конвенциясының әрекет ету аумағында тұрса, онда талап қоюшы өз таңдауы бойынша жауапкердің тұрғылықты жері немесе Брюссель конвенциясының 5 және 6-баптарымен көзделген сотқа талап бере алады. Аталған баптармен бекітілген нормалардың ерекшелігі - осы нормаларда, осы сот аумағында болуы тиіс мемлекет емес, жолдануға болатын сот белгіленгені болып табылады.

15 дәріс. ШЕТЕЛ СОТ ШЕШІМДЕРІН ТАҢУ ЖӘНЕ ОРЫНДАУ МЕХАНИЗМІ

Шетел соттарының мұрагерлік істері бойынша шешімдері Қазақстанның аумағында танылып орындалуы мүмкін. Қазақстан және басқа елдердің шарттарында келісім берген әділет мекемелерінің шешімдерін өзара танып, оны орындау талаптары көрініс тапқан. Әдетте, келісім берген мемлекеттердің аумағында азаматтық және отбасылық істер бойынша барлық шешімдер танылып, орындалады. Ал қылмыстық істер бойынша жәбірленушіге залады өтеу туралы шешімдер танылып, орындалады.

Мемлекеттер арасындағы шарттар сот шығындарын төлеу туралы мәселені қарастырады. Қазақстандық шарттар заңды күшіне енген сот шешімдерін танып, орындайды. Қазақстан мен басқа мемлекеттердің арасында қол қойылған шарттарда алиментті өндіріп алу, еңбек дауларын қарау және еңбек қатынастарынан туындайтын басқа да сұрақтарды шешу туралы шешімдерді өзара орындау туралы нормалар көзделген.

Шешімінің заңды күшіне ену керек екендігі туралы талаптардан басқа, Қазақстанның басқа елдермен шетел сот шешімдерін танып, орындау мақсатында келесі талаптардың сақталуын қажет етеді: істі қарау барасында тараптардың процессуалдық құқықтарының сақталуы; алдыңғы және кейінгі шешімдердің арасында қайшылықтардың болмауы.

Егер белгілі бір мемлекеттің аумағында шетел сот шешімі орындалған болса, онда сол іс бойынша кейінгі шетел сот шешімі осы мемлекеттің аумағында орындалуға жатпайды.

Қазақстанның шетел мемлекеттер арасындағы шарттарда әділет мекемелерінің өзара шешімдерін танып, орындау тәртібі туралы ережелер көрініс тапқан. Мәжбүрлеп орындатуға рұқсат беру туралы өтінім шешім орындалатын мемлекеттің сот мекемелерімен қаралады. Шетел сот шешімдерінің ерекшелігі – олар мәнісі бойынша қайта қаралуға жатпайды.

Шетел сот шешімдерін орындау барысында бірқатар проблемалар туындауы мүмкін. Мәселен, шетел соты қазақстандық валютаға айырбастағанда өндірілетін ай сайынғы сома борышкер үшін оның бүкіл ай сайынғы алатын жалақысын құрайтын соманы белгілеуі мүмкін. Мұндай жағдайда қазақстандық заң нормалары

негізге алынады. Бұл елдің заңдарына сәйкес, алимент борышкердің жалақысының 50 пайыз мөлшерінде ғана өндіріп алынады. Сонымен қатар борышкер осы шешімді шығарған шетел сотына тиісті дәлелдемелерді келтіре отырып, шағымдануға құқылы.

Халықаралық практикада шетел нотариалды шешімдерді, сонымен қатар аралық сот шешімдерін танып, орындалуы мүмкін. Мұндай шешімдердің орындалуы, әдетте, мұндай шешімдер орындалтын елдің заң талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттер өздерінің шарттарында жай шешімдерді тану туралы ережелерді бекітуі мүмкін. Хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы, некені бұзу туралы, әрекет қабілеттілік туралы істер бойынша шешімдер танылуы мүмкін. Көптеген мемлекеттер өздерінің шарттарында некені бұзу және оны жарамсыз деп тану туралы сот шешімдерін бұл шешімінің қашан шығарылғанына және осы құқықтық қатынастардың қашан туындағанына қарамастан, олардың орындалуын көздейді.

Мынадай сұрақ туындауы мүмкін: некені бұзу туралы істер бойынша сот шешімінің көлемі қандай? Бұл тек некені бұзуға ғана қатысы бар ма, жоқ әлде осы шешім мүлікті бөлу, жұбайын асырап-бағуға қаражат өндіріп алу туралы мәселемен байланысты ма? Біздің пікірімізше, некені бұзу туралы сот шешімін қосымша мәселелерсіз танып, қабылдаған жөн.

Жалпы ереже бойынша, халықаралық шарттар мүліктік емес сипаттағы істер бойынша шешімдердің орындалуын емес, тек олардың танылуын ғана айқындайды. Бұл тәрбиелеуге балаларды беру туралы істер бойынша сот шешімдерінің орындалауы туралы мәселені шешу барысында маңызы бар. Мұндай істер мүліктік емес сипатта болғандықтан, ол бойынша шығарылған шешімдер басқа мемлекеттің аумағында мәжбүрлі түрде орындалуға жатпайды.

Мемлекеттер арасындағы шарттар мәжбүрлі түрде орындалуын талап етпейтін шешімдерді тануы мүмкін. Оған некені бұзу, некені жарамсыз деп тану және басқа да істер жатады.

Қазақстан заңнамасы, егер мүдделі тұлға қарсы болмаса, мәжбүрлеп орындауға жатпайтын шешімдерді таниды.

Белгілі бір істер бойынша шетел соттарының сот шешімдері 1 наурыз 1954 жылғы Гаага Конвенциясының негізінде орындалуы мүмкін. Конвенцияның 18-бабына сәйкес, келісім

берген мемлекеттер сот шығындарын төлеуге міндетті. 1923 жылы қол қойылған арбитраждық ескертулер туралы Женева хаттамасы мен 1927 жылы қол қойылған шетел арбитраждық шешімдерді орындау туралы Женева Конвенциясы күшін жоғалтып, орнына 10 маусым 1958 жылы шетел арбитраж шешімдерін тану және орындау туралы БҰҰ шеңберінде Конвенция қабылданды (United Nations Convention on the Recognition and Enforcement of Foreign Arbitral Awards).

Сонымен қатар шетел сот шешімдерін танып, орындау мынадай конвенциялармен, шарттармен реттеледі: азаматтық және сауда істері бойынша шетел шешімдерін тану және орындау туралы 1966 жылғы Гаага Конвенциясы, азаматтық және сауда істері бойынша шешімдерді орындау және юрисдикция туралы 1968 жылғы Еуропа елдерінің Экономикалық Қауымдастығының Конвенциясы.

Сот шешімдерін мәжбүрлі түрде орындау Қазақстанның аумағында Қазақстан Республикасының заңының негізінде жүзеге асырылады. Осыған байланысты «Шаруашылық қызметті жүзеге асырумен байланысты дауларды шешу тәртібі туралы» ТМД елдерінің Келісімін айтуға болады. Осы Келісімге қол қоя отырып, қатысушы-мемлекеттер сот органдарының заңды күшіне енген шешімдерін өзара тануға және орындауға міндетті. Мүдделі тараптың өтінімі сот шешімін орындау үшін негіз болып табылады. Ол үшін мына құжаттар қоса тіркеледі: а) нотариалды куәландырылған шешімнің көшірмесі; ә) шешімнің заңды күшіне енгендігін куәландыратын құжат; б) екінші тарапты процесс туралы хабарлағаны туралы құжат; в) орындау құжаты. Аталған құжаттардың тізімі Келісімнің 8-бабында көрініс тапқан.

ГЛОССАРИЙ

1. **Lex loci laboris** – еңбек етуші тұлғаның кәсіпорны орналасқан елдің заңы. Бұл Австрия, Албания, Венгрия, Испания, Швейцария елдерінің заңнамаларының негізгі қағидасы.
2. **Lex loci delegationis** – жұмысшыны белгілі бір жұмыс тапсырмаларын орындау үшін басқа елге іссапарға жіберген жағдайда іссапарға жіберген мекеменің заңнамасы қолданылады.
3. **Lex loci contractus** – шарт жасалған жердің заңы қолданылады.
4. **Lex societatis** – заңды тұлғаның «ұлтының» заңы. Бұл қағида заңды тұлға бір елде тіркеліп, екінші бір елде негізгі қызметін атқарып, ал басқару органдары үшінші елде орналасқанда қолданылады.
5. **Lex voluntatis** – мәміле жасасқан тұлғалардың өз еркімен анықталатын заң. Яғни нақты мәміле бойынша дау туындаған жағдайда қай елді заңнамасы қолданылатындығын тараптар шартта көрсетуі мүмкін.
6. **Logus regit actum** – мәміле жасалған жердің заңы.
7. **Lex venditoris** – сатушының заңы. Яғни сыртқы сауда мәмілелері үшін тән болып келетін қағида.
8. **Lex rei sitae** – заттың орналасқан жерінің заңы.
9. **Lex loci delicti commissi** – құқық бұзушылық орын алған жердің заңы.
10. **Lex personalis** – жеке заң. Коллизиялық норма ретінде екі түрі болады:
11. а) **Lex patriae** – ұлттық заң немесе азаматтық заңы.
12. б) **Lex domicilli** – тұрғылықты жердің заңы. Азаматтығы жоқ тұлғаларға (апатридтерге) қатысты қолданылады.
13. **Унификациялық нормалар** – бұл белгілі бір ұлттық құқықты таңдау қиындығын жоятын нормалар.
14. **Унификация** – бұл унификациялық нормаларды мойындайтын барлық субъектілер үшін қолданылуы міндетті болып табылатын бірыңғай құқық нормаларын жасау процесі.
15. **Национализациялау** – бұл уәкілетті мемлекеттік органның арнайы актісі негізінде жүзеге асырылатын мемлекеттің пайдасына жеке меншік иелерінің мүлкін алу.

Белгілер үшін

КҚУ тематикалық жоспары, 2009 ж.

Мирзалиева Айгерім Әлжанқызы
сеньор-лектор, құқық магистрі

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Дәрістер курсы

Редакторы Шупшибаева Н.С.

Техникалық редакторы Искакова Г.Р.

ҰСЫНЫЛҒАН	КҚУ оқу-әдістемелік кеңесі
КЕЛІСІЛГЕН	жеке-құқықтық пәндер кафедрасының меңгерушісі, з.ғ.д., профессор Мороз С.П.

Басуға қол қойылды 16.02.2010 ж.

*Таралымы 20 дана. Пішімі 60x84/16. №1 баспаханалық қағаз.
Көлемі 4,5 баспа табақ. Тапсырысы № 2113*

*Каспий қоғамдық университетінің басылымы
КҚУ-ның ғылыми баспа орталығы баспаханасында басылған
Алматы қ., Сейфуллин даңғылы, 521. тел. 250-69-34, 250-69-35*